

Жанұзақ Қасымбаев

# Абылай хан



АРУНА

ББК 63.3 (5 қаз)

Қ 45

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Қасымбаев Ж.

Қ 45 Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт («Шығыстың ұлылары» топтамасы). –  
Алматы: «Аруна» баспасы, 2007. – 92 бет.

ISBN 9965-26-005-2

*«Абылай хан» – «Шығыстың ұлылары» деген топтамаға енген кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туынды әйгілі ханның өмір жолымен таныстырады. Ол билік еткен кезең (XVIII ғасыр) қазақ тарихында алтын ғасыр болып есептелген. Абылайдың көсемдігінің арқасында Қазақ хандығы ірі мемлекетке айналды.*

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

Қ 0503020905  
00 (05) – 03

ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-26-005-2

© «Аруна Ltd.» ЖШС

## *Үш жүзге ортақ хан*

*Ұлы Далада бұрынғының батырлары жайлы талай аңыздар мен қиссалар жырланып келген. Халық олардың есімдерін есте сақтап, ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. Солардың ішінде даңқты жеңістерімен, жауынгерлік жорықтарымен тарихта өшпес із қалдырған Абылай ханды барша халық ерекше қастерлеп, қадір тұтады. Ол – көзінің тірісінде-ақ әулие атанған санаулы адамдардың бірі. Абылай хан билік жүргізген кезең – қазақ тарихындағы алтын ғасыр.*

*Абылай ханның билік басына келуі қиын-қыстау заманға тап келеді. Бұл патшалық Ресейдің саяси қысымы күн санап арта түскен кезі еді. Цин-Манчжурия империясы да көрші аймақтарға көз алартып, арам пиғыл танытып отырған шақ болатын. Сонымен бірге шекаралас жатқан ұсақ тайпалармен және ұлыстармен үзіліссіз жүріп жатқан соғыс та Қазақ мемлекетінің тұтастығын едәуір әлсіретті. Өзара ішкі кикілжіңдер ірі ұрыс-таластарға ұласып, ел ішіндегі жағдайды асқындыра түсті.*

*Осындай қиыншылықтарға қарамастан, Абылай хан жалпы қазақ мемлекетінің саяси бірлігін бірте-бірте қалпына келтірді. Өз хандығын маңайындағы дұшпандары мен қаскөй көршілері мойындайтындай ірі мемлекетке айналдырды. Оның данышпандығы мен көрегендігі арқасында кең байтақ Ұлы Далада ұзақ уақыт бойы бейбіт заман орнады.*

*Абылай дәуірінде Қазақстан мемлекетке тән дәстүрлі белгілерге толық ие біртұтас елге айналды. Өзіндік басқару жүйесі, бүкіл елдер мойындаған шекарасы, әлеуметтік жағдайды ұйымдастырудың ерекше тәсілі қалыптасты.*

*Дегенмен, осындай тарихи ірі тұлғаның өмір жолы оңай болған жоқ. Жасынан өмірдің қиын-қыстау соқпақтарынан өтіп, тағдырдың ауыр сынын басынан кешірді.*









## *Жошы ұрпағы*

Абылайдың шын аты – Әбілмансұр. Ол 1711 жылы арғы тегі Жошы ханнан тарайтын белгілі тұлғалардың шаңырағында дүниеге келді. Көптеген қанды жорықтары үшін қанішер атанған атасы Уәли даңқты әскербасы болған. Өз әкесінің де аты – Уәли. Көрікті, келбетті болғандықтан жұрт оны көркем Уәли деп атап кеткен. Ол – әйгілі заңгер әрі қоғам қайраткері Есім ханның ұрпағы.

Әбілмансұр жетімдіктің зардабын ерте тартады. Он бір жасында әкесінен айырылады. Ел кезіп, қаңғырып жүріп, кейде ашық далаға, кейде қаңыраған қапас қоралар мен ескі зираттарға түнейді. Сонда оның бойына күш-қуат беріп, тағдырдың тауқыметіне мойынсұнбауына көмектескен әрі тіршілік нәрін берген осы Дала топырағы еді. Жападан-жалғыз ұшы-қиырсыз ұзақ жол кешкен ауыр күндерінде де бабалар аруағы оған рух берді. Осындай дала соқпақтары қажымайтын, мұқалмайтын жауынгерлік рухын шынықтырып, оны табанды қайраткер әрі данышпан ретінде тәрбиелейді.

Ертеректе өмірден өткен сарбаздар мен ақындардың суық мазарларына қонып жатқанында, ол үнемі жұлдызды аспанға қарап, өз шырағын іздейтін.

Тәңірі тілеуін беріп, сол жұлдыз оны Темірбай деген байдың үйіне жолықтырады. Перзентке зар Темірбай жетім баланы асырап алмақ болады. Ол бәйбішесі (үлкен әйелі) екеуі жұпыны киінген, мойнына дорба асынған Әбілмансұрды бастан-аяқ шолып өтеді де:

– Атың кім сенің? – деп сұрайды.

– Жұрт мені Сабалақ дейді, – деп жауап береді бала.

Шынында да мына бала Сабалақ десе дегендей: үсті-басы алба-жұлба, жұлым-жұлым, кір-қожалақ.

Рақымы мол Темірбайдың үйінде біраз болып, Сабалақ тағы жолға шығады. Сол жолы Балқаш көлінің маңында от басында әңгімелесіп отырған адамдардан өзі ақылды, өзі әділ Төле би туралы естіп қалады. Бұл қарияның ауылы алыс емес екен. Сабалақ осы әңгімеден кейін әйгілі бидің ауылын іздеп келіп, оның түйесін бағуға жалданады.







Уақыт жылжып өтіп жатты. Әбілмансұр терең ойлы, алғыр бала болып өсті.

Ұлы Даланың көптеген елді мекендеріндегідей Төле бидің ауылында да бір түрлі ерекше күй орнаған. Дала ғұрпында өзге байлықтан гөрі рухани байлық жоғары тұратын. Көшпенділер адамды дәулетіне емес, ісіне қарай бағалаған. Отанды сүю, үлкенді сыйлау, ата-баба аруағын қадір тұтып, өсиетіне берік болу қасиеттеріне үлкен мән берген. Дала аңыздары мен эпостары батырлықты, ерлікті биікке көтеріп, әлемнің бар қазынасынан да қымбат нәрсе туған жер деп санаған. Адамның кіндігінен шыққан алғашқы қан жерге тамады. Содан бастап әрбір адам оның перзенті әрі болашақ қорғаушысы болуы тиіс. Қаншама ер-азамат туған жерін қорғау үшін өлімге бас тіккен. Олардың әрқайсысы көшпенді халықтың жүрегінде мәңгілік сақталған.

Аға ұрпақ ерлігі жайындағы осындай әңгімелерді құлағына құйған Сабалақ ерекше болып өсті. Сонымен қатар хас батырға тән қайсар күші де шындалды. Бұл кез шашыраңқы қазақ әскеріне сыртқы жаулардың, әсіресе, ойраттардың (жоңғарлардың) тегеурініне төтеп беру қиынға түскен шақ еді. Сонда Сабалақ тезірек ер жетіп арғымаққа отыруды, қолына қару алып, соғысуды армандайтын. Тағы бір ойлаған мақсаты – атақты сардар, 1710 жылы Қарақұмда өткен халық қалаулыларының жиналысында үш жүздің бас әскербасы болып сайланған Бөгенбай батырмен жүздесу еді.

Он бес жасында Сабалақ Темірбайдың ауылына қайта оралады. Мұндағылар оның бойы өсіп, денесі шымырланып қалғанын байқайды. Баяғы кішкентай дала кезер бала емес, батыр тұлғалы жігіт болған. Сөзі де, ісі де нық. Темірбай оны көріп қатты қуанады. Қуаныштан жүрегі елжіреген ол өзінің керемет арғымағы – Сарыбастысын сыйлап, батасын беріп, жолға аттандырады.

Бұл жол оны Бөгенбай батырға апарды. Батыр ұрысқа сұранған жас жігіттің жалынды сөзін тыңдап, оны атқосшы, яғни қару-жарақ тасушы етіп тағайындайды. Жас жауынгер өзінің шыққан тегі жайлы, әйгілі ата-бабалары Жошы, Есім, Уәли, Бақы туралы ешкімге сыр білдірмейді. Басқа жауынгерлермен бірге күнделікті жаттығуын жасап, жауынгерлік машығын шыңдайды, әскери өмірді танып білуге ұмтылады. Осы қатал өмір бірнеше жыл өткен соң оның болашақ тағдырын айқындап береді.





## *Жекпе-жек*

Ойраттар 1738 жылы тағы да кенеттен шекараны бұзып, қалың қолмен қазақ жеріне басып кіреді. Бөгенбай батыр жаудың жолын бөгеймін дегенше, олар бірнеше ауылды өртеп те үлгерген. Екі жақтың әскері қарсы жүріп, шағын алқапта кездеседі. Қарсыластар бірін-бірі бағып үнсіз тұр. Таңғы шапақтан шықтар ақ күмістей жарқырап, батырлардың сауыты жалт-жұлт етеді. Мүлгіген тыныштық, тек андасанда аттардың пысқырынғаны естіледі.

Әрбір халықтың өз таңбасы, яғни туы болған. Олар соғысқа ұрандарын айтып, туларын желбіретіп шығатын. Бұл жауынгерлерге рух берген. Сондай ту осы ұрыста болашақ хан, әйгілі сұлтан Әбілмәмбетке тапсырылды. Ол белгілі әскербасшылармен алдыңғы сапта еді.

Бір уақытта ойраттардың алдыңғы қатары ортадан жарылды да, алға маңғаздана басып, жараулы атқа мінген алып денелі жауынгер шықты. Қаһарлы ойратты бәрі де бірден таныды. Бұл Шарыш деген ойраттардың жауынгерлік рухының нағыз бейнесі-тін. Ол еш уақытта жеңіліс көрмеген. Шарышпен жекпе-жекке шыққандардың ешбірі тірі қалмайтын.

Қаһарлы ойрат ұзын найзасын сермеп, айғайлап қарсы жақтың жауынгерін жекпе-жекке шақырды. Бөгенбай батыр жолы болғыш ойрат баһадүріне қарсы өзі шықпақ еді. Бірақ, Әбілмәмбет зорға дегенде оны ұстап қалды. Егер Бөгенбай оққа ұшса, не болатыны белгілі ғой. Басшысыз әскердің соғыста жеңіп шығуы екіталай. Әрине, шайқас алдында ең мықтылардың күш сынасуының маңызы зор болғанымен, қазақтар мұндай тәуекелге бара алмайды. Не істеу керек?

Шарышпен күш байқасуға бірталай жігіттер ниет білдірді. Әбілмәмбет пен Бөгенбай шын жүрегінен құлшынған бір жас жауынгерге тоқталды. Жас жігіт:

– Егер мен ойратты жеңсем, осылармен соғыста қаза болған бабаларымның кегін алғаным. Егер өліп кетсем, біздің сарбаздар мен үшін кек алар, – дейді жалындап.

– Ең болмаса, өз атыңды айтшы, – деп қана сұрап үлгерген сұлтанға:

– Сабалақ, – деді де, атын тебініп қалып, қаһарлы жауына қарай беттеді. Жас жігіттің өлімге бас тіккенін түсінген жұрт іштерінен күрсініп қала берді.

Сабалақ Шарышқа қарсы келіп, жебе жетер аралыққа тоқтады. Шарыш алдындағы қарсыласын көріп, қарқылдап кеп күлді де:

– Ей, қазақтар! Араларыңнан нағыз еркек табылмағаны ма? Мына жас баланы өлімге жіберіп тұрғандарың не масқара?!

Ойраттар даңқты сарбаздарының мына сөзіне еліріп, семсерлерін сартылдатып, гуілдесе жөнелді. Сабалақ ызаға булығып, тістене түсті. Ылғалданған алақанына найзасын қатты қысып, жауына ұмтылды. Жүрегі аттай тулап, көзіне қан толды. Қайдан екені белгісіз, жас жүрегінің терең түкпірінен «А-бы-ла-а-ай! А-бы-ла-а-ай!» деген әскери ұран бас көтерді.

Ойрат батыры да осыны күтіп тұрған. Атының шоқтығына (жалына) жабысып, қатты айғаймен ол да қарсы шапты. Аттылардың арасы жақындай түсті. Екі жақ демдерін іштеріне тарта істің барысын бағып тұр. Отыз қадам қалды, жиырма, он, бес... тарс-тұрс, сатыр-күтір, аттары да, өздері де бірбірімен мидай араласып кетті.

Әккі Шарыш дәл жүрекке көздеді. Бірақ Сабалақ соңғы сәтте бұлтарып үлгерді. Ойраттың найзасы жанай өтіп, баланың кеудесіндегі сауытын сөгіп кетті. Ашудан түсі

қашқан қарсыласының бет-әлпетін Сабалақ жақыннан көрді. Тіпті оның ыстық демі де сезілді. Одан әрі не істеу қажет екенін біреу сездіргендей болды ма, бала сол сәтте найзаның енді пайдасы жоқ екенін тез түсіне қойды. Беліндегі семсерін суырып алып, бар күшімен ойратты көздеп сермеп қалды. «Абылай! Абылай!» деп ұрандауын қоймаған Сабалақтың соңғы көргені Шарыштың домалап бара жатқан басы мен шарасынан шыққан көздері еді. Сәлден кейін естерінен танып мелшиіп қалған жауынгерлер «жеңілмейтін» ойраттың бассыз қалған өлі денесінің жерге құлап бара жатқанын байқады. Осы кезде рухы көтерілген қазақ әскері «Абылайлап»







ата жауына лап қойды. Алдыңғы көріністен ес жиып үлгермеген ойраттардың тамтығы да қалмады.

Осы оқиғадан соң Сабалақтың аты бүкіл елге жайылады. Шабармандар алыс-алыс ауылдарға қуанышты хабар таратып, есімі де қызық, өзі де беймәлім бір жас баланың керемет ерлік істегенін сүйсіне айтады. Ақындар мен жыраулар оның батырлығын мадақтап, даңқын шығара бастайды.

Қуаныштан көңілі шаттанған Әбілмәмбет сұлтан әлгі жұмбақ батырды шақыртады. Ол туралы Бөгенбай батыр да әркімнен сұрастырып көріп еді, ештеңе шықпады. Өзі де бұрын бұл баланы байқамаған. Бар білетіні – оның атқосшы, қару-жарақ тасушы, момын, қарапайым, сыпайы екендігі.

Сұлтан балаң жігітті ұзақ, тәптіштеп тергеуге алды. Ата-анасын, олардың қашан дүние салғанын, кіммен тұрып, қалай өскенін түгел сұрайды. Әбілмәмбет көбірек білген сайын, өз күдігіне сенімі күшейе түседі. Алдында тұрған Шыңғыспен қаны бір, ұлы Жошы ханның тікелей ұрпағы, әйгілі Қанішер мен Есім ханның мұрагері болып шықты.

– Сабалақ есіміңді ұмыт, – деді сұлтан сөзінің соңында.  
– Шын атың – Әбілмансұр. Сені осылай ата-анаң атаған. Бүгіннен бастап халық Абылай атайтын болады. Өзіңді алда үлкен болашақ күтіп тұр. Халқыңның сенімінен шыға біл. Сонда сені елің де көкке көтеріп, мәртебеңді асырады.

Сабалақтың тағдыры осы жерде аяқталады да, Абылай ханның ұлы тарихы басталады.



## Соғыс жылдарында

Күндер зымырап өтіп жатты. Уақытпен жарыса талай оқиғалар келіп, талай оқиғалар ауысты. Қазақ әскері бұрынғы жерлерін қайтару, елдің біртұтастығын сақтау мақсатында толассыз соғысты бастан кешті. Ол шақта еркін даланы бағындырып, салық салғысы келген арам ойлы жау көп еді. Олардың ішінде ойраттар ғана емес, Еділ өзенінің маңындағы қалмақтар, қарақалпақтар мен жоңғарлар, өзбек әміршілері мен қырғыз манаптары, манчжур-қытай басқыншылары да бар болатын.

Абылайдың қол астында жауынгерлік іске әбден машықтанған, шыныққан әскері болды. «Абылай» олардың дәстүрлі ұранына айналды. Әрбір майданға «Абылайлап» шыққан әскер жеңіссіз қайтқан емес. Тығырыққа тірелген ең қиын жағдайларда жас көсем жол тауып шыға білді. Абылайдың есімі жеңістің белгісіндей болды.

Соғыс ауыртпашылығын жігіттерімен бірге көтерген Абылай не болса да көппен көретін әдетінен ауған жоқ. Ол қарапайым әрі ыңғайлы киінді. Ат үстінде ұйықтап, неше күн дәмсіз, нәрсіз жүруге үйренді. Кешке қыр басына шығып, отты алаулатып жағып қойып, ата-баба ерлігін паш ететін бұрынғының аңыздарын тыңдағанды жақсы көрді. Әсіресе, оны Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек сияқты ақындар мен ақсақалдар шерткен әңгіме қызықтыратын.

Абылай кез келген той-думан, мереке-мейрам кезінде ұйымдастырылатын жарыстардан, қызықты ойындардан тыс қалмайтын. Палуандармен күреске түсе кетіп, күш сыналатын. Еш уақытта күресті жеңіссіз аяқтамайтын Абылай қарсыласына әділ күрескені үшін үнемі ризашылығын білдіретін.



Осылайша Абылайдың әскери тәжірибесі де байи түседі. Көптеген майдандарда оның көрегендігі, алысты болжағыштығы шыңдалады. Тіпті ел ішінде Абылай жаудың әрбір қадамын, олардың не ойлап, не істегелі жатқанын алдын ала біліп, көріп отырады деген аңыз да тарап кетеді. Халық Алла тағала Абылайды әдейі Ұлы Далаға көз алартқан, арам пиғылды жауларынан тазартып, үш жүзге бөлінген барлық рулар мен тайпалардың басын біріктіруге жіберген деп ойлаған. Шынында да дәл солай болды. Халықтың ойы бір жерден шығып, айтқаны орындалды.

Нағыз әскербасшы Абылай қарамағындағыларды руына қарап бөлмеді. Ақсүйек пе, қара ма – оған бәрібір еді.

Ол:

– Бәріміздің қанымыз бір. Ең бастысы, жүрегің не деп соғады? Байлық үшін емес, туған елің, туған жерің үшін күресіп, жүрегіңнің тазалығын көрсет, – дейтін.

Жігіттер де Абылайды барынша сыйлап, төбелеріне көтерді. Онымен бірге өлімге бас тігуге дайын тұрды. Себебі, ол ерлік майданын бос ұранмен бастаған жоқ, өзі үнемі алдыңғы шепте жүріп, өнеге көрсетті. Жекпе-жекке де өзі бірінші болып ұмтылды. Қай майданда болсын, Абылай ұрыстың ең қайнаған жерінен табылды. Еш уақытта жауына ішін беріп көрген емес. Бабалар аруағы да оны үнемі қолдап, қоршап жүрді. «Батырды құдай сақтайды» деген нақыл сөз осыған байланысты айтылса керек.

1740 жылы солтүстік-батыстағы шекараны нығайту қажет болды. Өйткені Еділ маңындағы қалмақтар сол маңайға көп әскерін шоғырландырды. Осыған қарағанда қалмақтар шекараны бұзбақ ниеттерін жасырмаған. Қалмақтармен соғысқа Абылай көбіне Әбілқайыр ханмен шығатын. Бұл жолы Әбілқайыр өз орнына Ералы деген ұлын аттандырады.

Ондағы ойы – жас сұлтан Абылаймен бірге жүріп, өмір көрсін, майдандарда шынығып, шыңдалсын дегені.

Көктем шыға Абылай Кіші жүз бен Орта жүзден құралған әскерді бастап жорыққа шығады. Қалмақ (торғауыт) әскерінің жай-күйінен хабардар болып алған ол алдағы соғыстың жо-спарын тиянақты құрып қояды. Торғауыттардың өздерінен артықшылығын, жақсы қаруланғанын, яғни зеңбіректері бар екенін де біледі. Мұндай жағдайда оның сарбазда-ры алыс қашықтықтан соғысуға мәжбүр болмақ. Себебі, алысқа ұшқан зеңбіректің оғы қалмақтармен тең дәрежеде шайқасуға қиындық туғызады. Бірақ Абылайдың мер-ген садақшыларының зеңбірекшілерді орта қашықтықтан атып жойып жіберуіне мүмкіндігі бар. Алайда торғауыттар да оңай берісе қоймас. Олар да өте тәжірибелі жауынгерлер еді және қазақтардың мықты жағын жақсы білетін. Сол се-бепті, соғысқа зеңбіректермен қаруланып шыққан. Зеңбірек-терді түйелердің үстіне бекіткен. Өз күшінің басымдығына сенімді торғауыттар шешуші сәтті осылай күтіп тұрған.

Абылай тосын айла табу қажет екенін түсінді. Жалаң қолмен және құр кеудемен қалмақтарды ала алмайсың.

Енді неге де болса бел буған Абылай жауынгерлерімен түн жамылып Жайықтың оң жақ жағалауына өтіп, күтпеген жерден торғауыттардың үстінен шығады. Күзеттегілер қалғандарына белгі беріп үлгермейді. Олар естерін жиып болғанша, қазақтың атты әскері дөң үстінде садақтарын ке-зеніп, қылыштарын жалаңдатып соғысқа дайын тұрды. Күзетте тұрған жауынгер белгі беру керек екенін енді есі-не түсіргені сол еді, «Абылайлаған» ұран мен жебелердің ысқырығы, жүздеген, мыңдаған тұяқтардың дүбірі үрейін алды. Шатырларынан атып-атып шығып аттарына қарай жүгірген қалмақтар бәрібір кеш қалды. Жолындағыны селдей жайпаған Абылай әскері көзді ашып-жұмғанша тор-

ғауыттың күл-талқанын шығарды. Жайықтың суы қызыл қанға боялып, қалмақтардың ыңырсыған, ышқынған дауыстары оның буырқанған толқынына көмілді.

Торғауыттар мұндай масқараны бұрын-соңды бастан кешпеген еді. Қанатты ақ боз атқа мінген салт атты кейпіндегі адам түстеріне кіріп шошынып, «Абылайлаған» ұран өмір бойы құлақтарына сіңіп, мәңгі естерінде қалды. Әлгі кісінің астындағы аты орасан зор боп көрінді. Екі қанаты жайылғанда даланы тұтас жауып, құтырынған жел мен нөсерлеткен жауыннан, от шашқан найзағай мен тасырлаған бұршақтан қорғап тұрғандай болды.

Қалмақтардың аман қалғаны жан сауғалап, Нарын құмына қашып барып тығылды. Абылайдың жаңа жеңісі туралы хабар сол сәтте-ақ Ұлы Даланы шарлап кетті. Енді даңқты қолбасшының ордасына тіпті башқұрттар да елшілерін жібере бастады. Олар бұл кезде Ресейдің жазалаушы әскерімен соғыс жүргізіп жатқан. Башқұрттар Абылайды өздерінің ханы етіп көтеруге де дайын еді. Тек оларға жақтасса болды. Алайда күтпеген жерден Әбілқайыр ханның өлімі туралы қайғылы хабар жетеді де, Абылай мен Ералы торғауыттардың ізін кесуді тоқтатып, әскерін кері бұрады. Әбілқайырдың үлкен әйелі – Бопай ханшаның ордасына қарай жол тартады.

Абылайдың тегеурінінен бас көтере алмайтындай халге ұшыраған қалмақ әміршілері осылай қазақ ауылдарына бүлік салуын қояды. Отыз жыл өткен соң ғана, 1771 жылы, Абылай ескі жауларымен бетпе-бет тағы кездеседі. Бірақ оған дейін талай оқиға өтеді.







## Аян

Абылай саятшылыққа қатты құмартып, әдетке айналдырған. Көкжал қасқырдың өзін тырп еткізбей алатын бүркіті де болған.

Соғыс аяқталып, арасында сәл тынығатындай жағдай туды. Осы сәтті пайдаланғысы келген Абылай аңға шығуға дайындалды. Бұған ауылға жақын маңда тау ешкілері жүргендігі туралы жігіттерден естіген әңгімесі де себеп болды. Аңға сайланған Абылай бұл жолы бүркітін тастап, садақпен ғана жеңіл қаруланды. Кейінгі кездерде ортаазиялық базарларда кішкене ши мылтықтар сатыла бастаған және мұндай қару Абылайда да бар еді. Бірақ ол мылтықтан гөрі кәдімгі көшпенділер садағымен аңшылық құрғанды көбірек ұнататын.

Абылай аздаған нөкерлерімен бір асудан өте бергені сол еді, бұта арасынан шыққан аң ізіне тап болады. Кез келген көшпенді сияқты Абылай даланың түкпір-түкпірін бес саусағындай білетін. Ол құрғақ топыраққа терең кірген тұяқтардың іздері мен ағаштың жоғарырақ тұсындағы сынған бұтақтары таутекенің бойы биік, салмағы ауыр екенін аңғартты. Сәл жүре бере, тағы да бір топ жануардың іздерін байқайды. Мұны көрген Абылай бұрынғысынан да қызынып кетті. Тау ешкілерінің ішіндегі текесі шындығында да қолға түсе бермейтіндей ерекше ірі екен. Мүйіздері жуан, иірлене артқа қайырылған. Түгі, әсіресе, мойын тұсының жүні қалың әрі ұзын. Басын қайқайтып, жан-жағына маңғаздана қарайды.

Абылай мерген деген екі нөкерін ертіп алып, аттарын төменге қалдырып, өздері жаяу жүреді. Олар жел жағынан келмей, иістерін сездіріп алмау үшін тастардың арасына жасырынады. Анадай жерде лақтарын ерткен ешкілер жайбарақат жайылып жүр. Оларды екі-үш оқпен оп-оңай



атып алуға болар еді, бірақ Абылай манағы дәу текеден көзін алар емес. Қасындағыларға белгі беріп, өзі әрі қарай жалғыз жылжыды. Ол бір ғана оқ атуға мүмкіндігі бар екенін, оның өзінде аңның дәл жүрегіне тигізу қажет екенін түсінді. Олай етпесе бұл аң жаралы болған күнде де ұстатпайды, тау ішіне кашып кетсе, қолға түсіру тіпті қиын. Өзімен қоймай бүкіл үйірін де ілестіре кетеді. Осындай ойлармен Абылай жер бауырлап, жыланша ирелеңдеп, көздегеніне ұмтылды.

Кенет желдің бағыты өзгере бастады. Мұны Абылай шөптің басының білінер-білінбес қимылынан байқады. Бағына қарай аңның кепкен тезегі қолына іліне кетті. Ол ойланбастан тезекті алақанына салып үгітіп жіберіп, үгіндісін үсті-басына, аяқ киіміне жағып алды. Таутеке бірдеңені сезгендей, басын қайқайтып, жан-жағына пысқырына қарады. Лақтар енелерінің бауырына тығылып, енелері де тұмсықтарын көтеріп, иіскелей бастады. Іле-шала олар төлдерін ертіп, таудың қарлы қуысына қарай жүгіре жөнелді. Таутеке де жартасқа шығып алып, үйірі түгелімен үңгірге кіріп тығылғанға дейін қарап тұрды. Абылай осының бәрін қимылсыз бағып жатты. Ақырында көңілі орнына түсіп, мүйізін тасқа қашап, алаңсыз тұрған әлгі текені байқады. Қорамсасынан сұр жебесін алып, адырнасын құлаштап керді. Аң болса жайбарақат күйі қасынып әлі тұр. Бір сәтке Абылай мынадай ерекше жануарды ту сыртынан тығылып атуды әділетсіздік санады. Тасадан атып шығып, дыбыс шығарып еді, теке де тұрған жерінен орғып-орғып, үйірінің соңынан шаба жөнелді. Алайда жарыса ұшқан сұр жебе де суылдап жетіп, қайран жануардың жауырынына қадалды. Теке соңғы күшімен бір-екі секіріп барып, омақаса құлады. Абылай тауға көтеріліп, текені иығына салып алып, үлкен олжамен қосына қайтты.

Ауыр текені көтерген Абылайға жол жүру қиын тиді. Ұсақ жаңқалар етігінің табанына кіріп, бытыр-бытыр етіп төмен

қарай сықырлай сырғанады. Абылайдың жақындағанын естіген нөкерлер алдынан шықты. Олжаны көрген жауынгерлер алғашқыда таңдайларын қақты. Текенің басының өзі мүйізімен қоса екі пұтқа жуық (қазірше отыз килограмдай) еді. Бұл олжаны тау-тастың ішімен бірнеше шақырым алып жүруді ойлағанда жігіттердің қуаныштары су сепкендей басылды. Амал жоқ, аңшылар жануарды ағашқа аяғынан асып байлап, көтеріп кете берді.

Осы қалыппен жүріп отырып, олар қоста қалған серіктеріне кеш бата зорға жетті. Аңдаусызда қолға түскен асыл жануардың етін лезде мүшелеп бөліп, қазанға салды. Піскен еттің иісі мұрын жарады. Жігіттер де көңілденіп, ас келгенше ән айтып, әңгіме құрды.

Аң еті қаттылау болып піссе де, оған мән берген ешкім жоқ. Қолма-қол жеп, тауысып қойды. Ішке ел қонған соң, әрі оттың қызуынан, әрі күні бойғы жүрістен шаршаған жауынгерлер маужырай бастайды. Күзетке екі жігітті қойып, қалғандары ұйқыға кіріседі. Аттар да арагідік пысқырынып қойып, жайылып жүр. Түн салқындай түсті. Абылай қой терісінен тігілген қалың тұлыпқа оранып, қатып ұйықтап қалды. Ол түсінде небір ғажайып нәрселер көрді.

Абылайдың түсіне туған жері – киелі Көкшетау, ондағы күмістей жарқыраған мөлдір сулы көлдер, сыңсыған ормандар кірді. Ол Оқжетпестің ұшар басына шығып жүр екен. Кенет қолдары қыран құстың қанатына айналып, үсті-басын қауырсын басып кетеді. Көзінің қырағылығы бұрынғыдан да артады. Бір уақытта Абылай бүркітке айналып, көкке самғап көтеріледі. Аспаннан қарағанда жер алақанда тұрғандай көрінді. Биікке самғап ұшқан Абылай-бүркіт маңайға мұқият көз салды. Біресе әр жерден алаулаған от көрінді, біресе мамыражай жайылып жүрген қойларға қасқыр шауып, біресе тыныш жатқан елді беймәлім аңдар талап жатты. Бүркіт

қанатын кең жайып, қаһарлы бұлттарды айдап келді. Күн күркіреп, жаңбыр жауып жердегі өртті сөндіре бастады. Абылай-бүркіт енді қасқырларға ұмтылды. Өткір тырнақтарымен бүріп, мылжа-мылжасын шығарды. Ең ақырында аспанға үшінші рет көтерілгенде, көкжиектен айдаһарды көрді. Ол аузынан от шашып, маң-маң басып, жолындағы ауылдарды өртеп барады. Бүркіт айдаһарға қарсы ұшты. Кенет қанаттары ауырлап, басы айнала бастады. Мойнына біреу арқан салып, ұшуға мұрша бермей, төмен тартатындай. Қатты қиналғанда күш беретін ата-бабасының аруағын шақырып айғайлайын десе, даусы шықпайды. Суық терге малынған Абылай ұйқылы-ояу атып тұрды. Сол уақытта көз алдындағы жан түршігерлік сұмдық оқиғаны көреді. Ойраттар дыбыстарын сездірмей, ұйқыдағы қамсыз жігіттерді шетінен бауыздап жүр екен.

«Абылайлап» қасында жатқан семсеріне ұмтылды. Оянып үлгергендері найза, істіктерін дайындап, бір-біріне арқаларын беріп тұра қалады. Аман қалғаны – төртеу-ақ, ойраттар – отыз шақты. Бұл ойраттардың барлаушылар жасағы болып шықты. Олар кештен бастап-ақ тау етегіндегі отты көріп, қазақтардың ұйықтауын күткен. Қалғып кеткен күзетшілерді таң ата жойған. Бұл уақытта ұйқы кімді де болса жеңеді. Екі-үшеуін тұтқынға түсіреміз деп ойлаған ойраттар Абылайды кездестіреміз деген жоқ еді. Бұл жерде Абылайдың барын олар әлі білмейтін. Төрт жігітті қол күшімен алмақ болған ойраттарды жауынгерлер



маңайына жуытпайды. Ойраттар біртіндеп сирей бастады. Екінші рет шайқасқа ұмтылды. Тағы да ештеңе шықпады. Енді төртеудің екеуі-ақ қалды. Айнала қаптаған өлік. Аман қалған екеуі бір-біріне арқасын беріп тұрып шайқасуда. Демдерін ауыр алып, жауларына өшіге қарайды. Қазақтарды тірідей ала алмасын білген нойондар (ойрат жауынгерлері) бұларды сырттарынан бақылай бастады. Бағанадан бері үнсіз қарап тұрған бір нойон үлкендеріне жүгіріп барып, Абылай жақты саусағымен нұсқап қойып, бірдеңелерді айтып жатты. Көсемдері көзін сығырайта Абылайға қарап тұр. Ол Абылайдың қолынан ру таңбасы бейнеленген жүзікті көрді.



Мұндай жүзікті тек ақсүйектер ғана тағатын. Осыдан соң аз тыныштық орнады. Бір кезде жебенің суылдаған ысқырығы естілді. Абылай қасындағы соңғы серігінен де айырылғанын сезді. Ол тез бұрылып, жауынгерді демей қоймақшы еді, болмады. Нойондар жалғыз қалған Абылайдың үстіне торды лақтырып жіберіп жабыла кетті.

Ойраттар тұтқынға түскен Абылайды байлап-матап, ұрып-соғып, әміршілеріне жеткізеді. Жанары ызаға толы Абылай орнынан тұрып, жан-жағына қарайды. Қарсы алдында биік тұғырда белгілі ойрат қонтайшысы (әмірші) Қалдан-Серен отыр. Маңайына текті көсемдері жайғасқан. Әміршінің бас ордасы асқан дәулетімен жарқырап тұр. Айналаға қалың түкті парсы кілемдері жайылған, бос жер жоқ. Алтынмен апталып, қымбат тастармен безендірілген қару-жарақтар әр тұста шашылып жатыр. Қабырғаға ілінген аю мен қасқыр терілері азу тістерін ырсыта қарайды.

Қалдан-Серен де Абылайды бірден танып, өшіккен көздерімен шолып өтті.

– Қалай, қазақ жауынгері, қолға түстің бе? – деді тісінің арасынан ысылдап. – Осы сәтті мен қанша күттім. Менің ұлым – Шарышты өлтірген сен бе? Жауап бер!

Маңайындағылар:

- Иә, иә, Шарышты өлтірген осы! – деп шулап қоя берді.
- Шарыш ең мықты жауынгер еді!
- Терісін басына қаптау керек!
- Төрт аттың құйрығына байландар! – деген айғайлар жан-жақтан естіліп жатты.

Қалдан-Серен қолын жоғары көтерді. Отырған ойраттар жым-жырт бола қалды да, бәрі Абылайға тесілді.

– Сенің ұлыңды өлімге кескен – менің халқым, – деді салмақпен Абылай. – Мен тек үкімді орындадым. Халқыма қастандық жасаған адам өз сазайын тартады.





Мұндайды күтпеген ойраттардың тілі байланып қалды. Абылайдың мына сөзі намыстарына тиді. Біреулері орындарынан ұшып тұрып, семсерлеріне жармасты. Қалдан-Серен белгі берсе болды, Абылайды сол жерде талап тастамақшы. Алайда әмірші асықпады, ол Абылайды бастан-аяқ барлап қарады. Абылай да міз бақпастан маңайын бақылап тұра берді.

– Әкетіңдер! – деді әмірші.

Күзетшілер бұйрықты екі еткізбеді. Олар Абылайды итермелеп, ордадан алып шығады. Ал барлық бетке ұстар ойрат көсемдері өз әміршілеріне таңдана қарайды. Қалдан-Серен дәнеңе деместен, өзін жалғыз қалдыруды аңғартып, қолын бір сілтейді. Маңайындағылар үнсіз бірінің соңынан бірі ілесіп есікке беттейді. Әмірші жалғыз қалады.

– Иә, Абылай тегін адам емес, – деп ойлады ол өз ордасында отырып. – Ол өлімнен қорықпайды, оның талайын көрген. Ол үшін ең қорқыныштысы – тұтқында қалу. Алтыннан болса да, тордың аты – тор. Ал Абылай – қазақтардың биік рухы. Сондықтан осы рух менде аманат (тұтқын) болғаны дұрыс. Оны өлтіруге болмайды. Қайғы жаудың өзін біріктіреді. Абылай олардың туы болып, сол үшін кек алуға келері сөзсіз... Жо-оқ, өлтіруге болмайды, одан да айырбас жасағанымыз пайдалы шығар...

Жападан-жалғыз өзімен-өзі кеңескен әмірші осындай ойға тоқталды. Бұл кезде күзетшілер Абылайдың қолын артына қайырып байлап, ескі лашыққа алып келеді. Өздері есікті күзетіп қалады. Абылай да сол күйімен жерге жата кетіп, ойға батады. «Отызға жетпей өмірден кету өкінішті, – деп күрсінді ол. – Талай майданға шығуға болар еді. Анталаған қасқырлар қаншама, бәрі де майлы жерге ауыз салғысы келеді. Ештеңе етпес. Әлі де небір батырлар дүниеге келер, жерімізді тажалдардан тазартар».



Кенет есіктің жапқышы ашылып, ішке екі адам кірді. Біреуінің қолында пышағы бар. Сол кісі арқа тұсына жақындағанын сезгенде, Абылайдың денесі мұздап кетті. «Біткен жерім осы шығар», – деген ой келіп, көзін жұмды. Күзетші Абылайдың қолын байлаған кендір арқанды кесіп жіберді де, оны алға итеріп қалды. Тірі қалғанына сенер-сенбесін білмей, ісінген қолдарын уқалап, Абылай сыртқа шықты. Екі нойон оны төбе үстіндегі аппақ киіз үйге бастап алып келіп, төрге шығарды. Қонақтарға арналған бұл үй үлкен болып көрінді. Бірнеше бөлікке бөлінген. Үйдің ішіндегі жиһаздар көздің жауын алады. Көрші бөлмеден көрікті келген бір жас қыз шықты.

– Бұл енді сенің үйің, – деді ақырында екі күзетшінің бірі.  
– Сен біздің қонақсың. Ал мынау – әйелің. Осында тұрасың. Қашамын деп ойлаушы болма, өлесің.

Осыны айтқан күзетшілер сыртқа шығып кетті. Абылай аңқиып ойрат қызға қарады. Қыз иіліп, екі қолымен тостаған ұсынып жатып:

– Сіз жолдан шаршаған шығарсыз, қымыз ішіңіз, – деді жуас үнмен.



\* \* \*

Сарбаздарын ертіп аңшылық құрған Абылай қайтып оралмайды. Мұны естіген ел үлкен әскер жинап, оларды іздеуге кіріседі. Біраз уақыт өткен соң аңшылардың түнеген орны тез табылады. Іздеу салып шыққан адамдар бұл алаңда шайқас болғанын бірден аңғарды. Жанған оттың күлі, желінген еттің қалдығы мен сүйек-саяқтар әр жерде шашылып жатыр. Айнала қаптаған өлік. Сарбаздардың біразы шайқаста қаза болған. Кейбір жауынгерлердің ұйықтаған күйінде өлгені олардың қамсыз жатқан қалпынан көрініп тұр. Шайқастың ұзаққа созылмағаны да сезіледі. Іздеушілер жерден табылған жау жебелеріне қарап, шақырусыз келген шапқыншылардың ойраттар екенін түсінді. Оған қоса іздері ойраттардың жеріне қарай сілтеп тұрды. Өлгендердің арасынан Абылайдың денесі табылмаған соң, оны жау өздерімен бірге ала кеткен деген ойға келді.

Сарбаздар шайқаста қаза болған жауынгерлердің денелерін арбаларға салып, ауылға жеткізді. Туған жерінің топырағына әкеліп, соңғы сапарға аттандырады. Сарбаздар жиналып, бас қосып, енді не істеу керек екенін әрі-бері ойластырды. Ақырында олар Ресейден көмек сұрау қажет деп шешіп, елшілерін жіберді. Патша қазақ елшілерінің өтінішін қабылдайды. Абылайды ойрат қолынан құтқаруды майор Карл Миллерге тапсырады.

Дәл осы шақта бір өлімнен аман қалған ерекше тұтқын алдағы күні тағдырдың оған не дайындап қойғанын күтіп жатты. Әрине, бастапқыда Абылай күтпеген жерден болған мынадай өзгеріске аздап таң қалды. Алдымен қол-аяғын байлап, жаман лашыққа тастап еді. Енді, міне, керемет үйге кіргізіп, үйлендірді. Не істегісі келсе де, өз еркінде. Тек ордадан алыс кетуге оған қатаң тыйым салынды. Осы қатал тәртіп



Абылайға өзінің ойраттардың қолындағы аманат екенін білдірді. Не де болса шыдау керек.

Шыдамдылықтың өзі – батырлық. Күткенде күндер өтер емес. Бәрінен де қиыны – белгісіздік, күңгірттік, ешқандай хабардың болмауы. Абылайды күзетуге қойылған қызметшілер оның соңынан бір сәтке қалмады. Ешкіммен сөйлестірмеді, ешкімге оны жақындастырмады.

Күндердің бір күнінде ол ойрат ордасынан ұзын бойлы, сары шашты адамды көреді. Өзі жоңғарша зорға сөйлейді. Алғашында Абылай оны орыс тұтқыны деп ойлаған. Мұндай сары шаштыларды Абылай тек ойраттардан ғана емес, басқа жерлерден де көп кездестірген. Көп жағдайда оларға малдарын баққызып, шаруашылықтарын істететін. Ал мына тұтқынға ойраттар ерекше қарайды. Сондықтан да болар, Абылай онымен танысып, сөйлесуге құмартты. Әйтеуір, ретін тауып, ақырында ойындағысын іске асырды.

Бұл тұтқын орыс емес, швед болып шықты. Аты – Иоган Густав Ренат екен. Оның да тағдыры оңай болмапты. Алғаш рет тұтқындыққа Полтава түбіндегі шайқаста орыстардың қолына түседі. Екінші рет 1716 жылы Ямыш бекінісін қоршауға алғанда ойраттарға тұтқындалады. Ал ойраттардың қол астында осы уақытқа дейін аман қалу себебі – оның зеңбіректің оғын құюға шеберлігі. Сондықтан ойраттар жалпы тұтқындардың арасынан оны жоғары бағалап, ерекше құрмет көрсеткен.

Айтуына қарағанда, Густав Ренаттың жоңғар өлкесінде тұрғанына бірнеше жыл болыпты. Осы уақыт ішінде ол мұндағы жағдайға көндігіп, бойы үйренеді әрі өзінің осында қажеттілігін сезінеді. Густав Ренат басқа тұтқындармен салыстырғанда аса қатты қиыншылық көрмеген. Тұтқын шведтің тұрмыс-күйін Қалдан-Сереннің өзі қадағалап отырған. Ештеңеден жоқшылық көрмесін деп қызметшілеріне

бұйырған. Қонтайшы өзінің алдағы жеңістері осы Ренаттың шеберханасында құйылып, жасалып жатқан қару-жараққа байланысты екендігін әрі зеңбіректің құпиясын тек швед қана білетінін жақсы түсінген. Қалдан-Серен өз жауларын осы «жасыл жәшікпен» қорқытқан. Ол кезде зеңбіректі «жасыл жәшік» деп атайтын.

Ойраттар, әдетте, түйелерді ұзыннан-ұзақ бір қатарға тұрғызып, өркештеріне зеңбірек орнатқан. Өлім отын шашқан мұндай қаруға қарсы ешбір жау бас көтере алмаған. Зеңбіректен бір мезгілде атылған оқтан аспанда құлақ тұндырардай күн күркіреп, айдаһардың аузынан өлім жалыны атқылап жатқандай көрінген.

Еуропалық соғыс өнерін, әскери әрекеттердің небір әдіс-тәсілдерін бес саусақтай білетін швед шеберіне Абылай ерекше ден қояды. Бәрін білгісі келген, соғыс құпиясын үйренгісі келген ол Густав Ренатпен әскери өнер жайлы ұзақ күндер бойы әңгімелеседі. «Зеңбіректі қалай жасайды, оғын неден құяды, оны немен толтырады және зеңбіректің қандай түрлері болады?» деген сұрақтарды жаудырады. Абылайға «Егер садақ пен найза орнына зеңбірек пен мылтық келсе, әскерім жеңілмес еді» деген ой келеді. Жалпы айтқанда, болашақ хан егер жау тұтқынынан аман құтылса, бар білгенін, естігенін іс жүзіне асырмақшы.

Осы аралықта көп уақыт бірге болған Густав Абылайдың өз халқының болашағы үшін қам жейтін нағыз қайраткер, батыл азамат екенін түсінді. Әрине, ол қазақ сұлтанымен тілдесудің қауіпті екенін сезе тұра, онымен қарым-қатынас жасаудан бас тартпады.

Абылай тұтқында жатса да, елінің бірнеше руға бөлініп, басы бірікпейтінін, рубасылары тек өз қара басының ғана қамын ойлайтынын қатты уайымдады. Сондай сәттерде ол шведтен ешбір сырын жасырмай, ой бөлісті. Соған қарағанда тұтқындағы адамдар біріне-бірі көбірек сенетін көрінеді.



Ертең не күтіп тұрғаны белгісіз. Осы жай адамдарды жақындастыра түсіп, сырлас, мұңдас еткен.

Абылайдың өмірдегі асыл арманы – Ұлы Даланың азат та еркін, біртұтас та тәуелсіз болуын көру. Туған халқының өз жерінде емін-еркін өмір сүріп, сәбилердің бақытты келешегін құру. Ұлы Даланы ұрпақтан-ұрпаққа мұрағат етіп қалдыру. Осындай ізгі мақсаттары үшін ол тағдырдың барлық ауыртпалығын жеңуге тырысты. Бар өмірін ұлы арманын іске асыруға арнады.

Бір күндері әлгі швед көрінбей кетеді. Сөйтсе ойрат тыңшылары қазақ сұлтаны мен шведтің ұзақ әңгімелесетіні туралы қонтайшыға жеткізген екен. Қалдан-Серен бұған қатты ашуланып, күзетшілерін қатаң жазалайды және ендігі жерде мұндайға жол бермеуді ескертеді.

Абылай тағы да жалғыз қалды. Оның үстіне қазақ хандарының еш хабарсыз тым-тырыс жатқаны, оның тағдырын сырттай жайбарақат бақылауы таң қалдырды.

– Неге бұлар әрекет етпейді? Неге жайбарақат жатыр? Қалдан-Серен өтемақы сұраса, бермей ме? Тұтқынмен айырбастатқысы келсе, неліктен келіспеске? – деген мазасыз ойлар шырмаған Абылай түнімен аласұратын.

«Жаудың оты жылытпайды» деп қазақтар бекер айтпаған. Жағдайы толық жасалса да, бөтен үйде Абылай ұйықтай алмады. Қызметшілер иіліп қызмет қылғанымен көңілі жылынбады. Себебі оның барлық ойы, пейілі Отанына, туған ошағына ауған. Бірақ бір нәрсені ойлай берсе, уақыт өтпей қояды емес пе? Көңілін басқаға аудару үшін Абылай енді қытай саудагерімен танысады. Ол да қытай әскерінде жүріп, бір шиеленісте ойраттарға тұтқынға түскен. Бұрындары ол ойрат манаптарының балаларын қытайша оқытқан екен. Мұны естіген ойрат қонтайшысы тұтқынға түскен қытай саудагерін орда балаларын оқыту үшін алдырады.

Абылай осы саудагермен жақын араласып, қытай тілін, салт-дәстүрін оқып, зердесіне тоқи бастайды. Қытай елі, оның ерекшелігі туралы өзіне қажетті, пайдасы мол мәлімет алады. Мұны да біліп қойған тыңшылар дереу Қалдан-Серенге жеткізеді. Бірақ қонтайшы Абылайдың бұл әрекетінен еш зиян келмейтінін біліп, кекете күледі де:

– Абылай қытай тілін, содан соң Қытайдың өзін бағындырмақшы шығар, – дейді.



Күн артынан күн, ай артынан айлар өтіп жатты. Көктем келіп, күн жылынып, қар ери бастады. Қар астынан қылтиып бәйшешектер көрінді. Ағаштар бүршік жара бастады. Осы кезде ойрат әміршісінің ордасына Петербург сарайының арнайы тапсырмасымен майор Миллер келеді. Майор Қалдан-Серенге өзінің келу себебін түсіндіреді. Қазақ сұлтанын тұтқыннан босатуды талап етеді. Егер бұл талап орындалмаған жағдайда олардың әрекетін Ресейге қыр көрсету деп ұғатынын қатаң ескертеді.

Тілмаш елшінің соңғы сөздерін ойраттарға аударып болғанда, орданы ауыр тыныштық басты. Қалдан-Серен сыр білдіргісі келмесе де, қабағы тарс жабылып, қастарының арасында терең әжім пайда болды. Майор Миллер орнынан тұрып, тағзым етті де, солдаттарымен сыртқа шығып кетті.

Қалдан-Серен «Аһ, Абылай, қу түлкі! Қытай тілін үйреніп жүріп, өзі ақ патшаға бодандыққа кірген екен ғой» деп ойлады іштей ашуланып.

Қонтайшы олжаның уысынан шығып бара жатқанын жақсы түсінді. Абылайдай белгілі тұтқын үшін үлкен пайда түсіргісі келіп еді, онысы болмады. Қайта Ресей патшалығын өзіне қарсы қойып алды. Осының алдында барлаушылары орыстардың жоңғар шекарасын бойлай бекіністер тұрғызып жатқандығы туралы хабар әкелген. Бұл ендігі жерде ойраттардың қазақ ауылдарында емін-еркін жүре алмасын сездірген. Басында Қалдан-Серен бұл хабарға сене қоймаған. «Ақ патша шексіз далаға бекіністерді не үшін орнатады?» деп ойлаған. Енді, міне, Миллерді көріп, өзінің қателескенін түсінді. Орыстар қытайлықтардан озып түсті.

Жоңғар әміршісі басқадан гөрі орыстардан қорқатын. Оның үстіне Қалдан-Серенді ығыстыруды бұрыннан қарастырып жүрген Цин империясы ебін тауып, ойрат жеріне тереңдей ене түскен. Сөйтіп, Жоңғарияны қоршаған шеңбер біртіндеп

тарыла берді. Қонтайшы мұны жақсы түсініп, тығырықтан шығар жол іздеуге тырысты. Жоңғария баяғыдай күшті мемлекет емес, көршілері бұлармен қазір санаспайды. Қазақ хандары да орыс патшасына өтіп, оның қол астына кірді. Ал Петербургке қыр көрсетудің өзі неге тұрады? Ол дегенің – ертең-ақ Еуропада әскери дайындықтан өткен, ең жаңа, ең мықты қарулармен жасақталған казак әскері жетіп келеді деген сөз. Әрине, Ресеймен соғысуға болар еді, бірақ бір тұтқын үшін соның қажеті бар ма? Ресеймен қарым-қатынасты бұзу жақсылыққа апармас.

Біраз күн өткен соң Абылай тұрып жатқан үйге ойрат барлаушыларынан жасырынып Густав Ренат келеді. Орыс, ойрат, швед тілдерін сапырылыстырып, бірдеңені түсіндірмек болады. Өзі мазасыз, бірақ қуанышты. Абылай алғашқыда қорқып қалады. Ойраттар Ренаттың мұнда келгенін білсе, әрине оған оңай болмас. Байыптап қараса, швед оған жай жаңалық емес, өте маңызды хабар әкеліпті.

Густав Ренат қонтайшыға келген орыс офицерін көрген. Осыдан кейін орда маңындағы манаптардың көңілсіз жүргенін байқаған. Ең бастысы, ол Абылайды жақында босатады деген әңгімені естіген.

Абылай болған жайды түсінді. Яғни оның тұтқында жатқаны туралы хабар Петербургке дейін жетіп, патшайым көмектеспекші болған. Осы күнді қанша күтті. Енді абай болу керек. Жоңғарлар өте айлакер, қу келеді. Байқамасаң, жон арқаңнан келіп пышақ сұғуы да мүмкін. Дегенмен, бәрі тыныш өтті. Абылайды қазақтарда жүрген тұтқын ойраттарға айырбастайтын болыпты.

Белгіленген күні отыз нойон киіз үйдің жанына сапқа тұрды. Абылай да дайын отыр. Оған қоса қонтайшы Абылайға алтын жіптермен зерленген қымбат тон кигізді. Аса бір жоғары сый-құрметпен Отанына шығарып салды. Бұл істе



Әбілмәмбеттің Абылайды босату шарттары туралы ойраттармен жасаған келісімінің үлкен себі тиді.

Сөйтіп, 1743 жылы тамыз айында Абылай туған жеріне оралды. Тірі әулиені, жау тұтқынынан аман-есен босанған батырды көреміз деген ел-жұрты ауылына ағылып келіп жатты. Сол заманда тұтқында мәңгі қалу масқара саналған. Сондықтан өзіне тиімсіз болса да Әбілмәмбет ойраттармен шарт жасасуға мәжбүр болды. Бұл келісім-шарттағы ең басты мәселе – Абылайды құтқару. Әйтпесе, өз бостандығы үшін Ресейге қарыздар боп қалмақ еді.

Ауылына қайтар жолда Абылай өзінің тұтқында ұзақ жату себебін білді. Қазақ хандары оған қол ұшын беруге асықпаған. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Түркістанға көшемін деп жүріп, көптеген істен шет қалған. Ол ешқашан да біреу үшін мазасызданбаған, бейберекет және тоқшылық өмірді қалаған. Кейбіреулері Петербургпен арақатынасын жақсартуды ойлаған. Қалғандары руларға бөлініп, қара бастарының қамымен кеткен. Мұндай жағдайда Қалдан-Серенмен келіссөз жүргізіп, Абылайдың тағдырына араласатын ешкім болмаған. Ең оңай жолы – бұл істі Ресейге тапсыру. Өйткені Ресейдің Орта Азияға қатысты өз саясаты бар. Шығыс пен Батысты жалғап тұрған Ұлы Жібек жолының торабы – Қазақ жері үлкен қызығушылық тудырған.

Ресей Еуропамен бітіспес соғыс жүргізіп жатты. Соның нәтижесінде едәуір жүдеп, әлсіреді. Қажетті шикізат, ақша жетіспеді... Сауда желілерін құру, елді нығайту, өндірістерді жөнге келтіру, жер асты кенін алу, Үндістан мен Қытай елдеріне шығу басты мақсат болды. Сондықтан Петербург сарайы терең ойланып барып әрекеттенді. Оларға халқын соңынан ертетін мәртебесі жоғары адамдар қажет еді. Ал Абылай сондай адамның дәл өзі. Беделі жағынан оны басқа ешкіммен салыстыруға болмайды.

Петербургке бұл жағдайдың бәрі белгілі еді. Ресей көптен бері далада өз әрекеттерін жайлап іске асырып жатқан. Ертеңгі күні қоныстар мен қалаларға айналатын бекіністер тұрғызылды. Қазақ жеріне шаруаларды, жер айдалғандарды, казак әскерлерін әкеп қоныстандыра бастады. Олардың саны күннен-күнге өсе берді. Әр түрлі мақсаттағы әскери-тірек базаларын тұрғызу үшін адам күші көп керек болды. Патшалық Ресей оңтүстік-шығыс көршілеріне қатысты әрекеттерін Бірінші Петрдің тұсында-ақ бастаған. Бұл жерлерді бағындыру және отарлау саясаты Ресейден кем түспейтін басқа да басқыншылармен қырғын соғыс аясында өтті. Әрине, қазақ хандарының беделді топтарының көзқарасын қолдау арқылы Петербург ең алдымен өз пайдасын ойлады.

Өкінішке орай, қазақ билеушілерінің арасында ойдағыдай бірлік болмады. 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң, оның орнына үш жүзге бір жерден билік жасауға жан-жақтан талас туды. Әрбір жүз бөлініп, әрқайсысы өзіне хан сайлады: Ұлы жүзге – Жолбарыс, Орта жүзге – Семекен мен Күшік, Кіші жүзге – Әбілқайыр. Оған қоса, жүздердің ішінде өзімшіл сұлтандар мен мансапқұмар ақсақалдар болды. Осының бәрі онсыз да шашыраңқы елдің басын біріктіруге кедергі жасады.

Сыртқы жаулар оңтайлы сәтті құр жібергісі келмеді. Қазақ даласы ұсағы бар, ірісі бар бірнеше мемлекеттің қоршауында қалды. Қайсысы болса да сәті түссе, жан-жақтан анталап, жойып жіберуге дайын отыр. Мұны түсінетін, сететін жан болған жоқ. Тек туған жері үшін шын жаны ашитын адамдар ғана елдің болашағын бар жүрегімен ойлады. Жауды тоқтатуға күш керек, ынтымақ, бірлік керек. Алайда ақылға ешкім көңіл қоймайды. «Орыстың жақсылығын қытай келгенде түсінерсің» деген мәтел сол жылдардан қалған болу керек.







Кең далада зерттеу жұмысын жүргізбек болған топтар, әсіресе, орыс әскерлері көптеп келе бастады. Аз уақыттың ішінде қамал салу құрылыстары бой түзеді. Солардың ішіндегі ең белгілі бекіністері – Семей, Өскемен, Черноярск, Верблюжск, Железинск, Омбы, Убинск және тағы басқалары. Осылайша, Сібір, Ертіс, Колыван үш әскери-саяси желілерінің негізі қаланды. Мынадай қызу әрекет қазақ жерін билеу көкейлерінде жүрген басқаларға, оның ішінде Жоңғар хандығы мен Ұлы Қытайға ұнамады.

Отанын қорғап қалуды көздеген Әбілқайыр хан мен оның жақтастары Ресей бодандығына өтті. Бұл сатқындық немесе қорыққандық емес еді. Одақтас табу үшін ойланып барып жасалған қадам. Сонымен қатар, серіктестік тең дәрежені сақтап қалуға тырысу керек, яғни құл емес, дос болу қажет. Бұл саясат – жүздеген, мыңдаған қулығы бар шым-шытырық ойын.

Абылай осылай патша әскерінің майоры, орыс офицері Миллердің көмегімен ішкі, сыртқы жағдайы шиеленіскен еліне келіп жетеді. Бірақ Қалдан-Серенге майор Миллер тек Абылай үшін келді деу қателескендік болар еді. Петербургте жоңғарлармен келісімге келуді көздеген. Қырғи қабақ соғысқа қарағанда мәмілеге келген артық. Осыны түсінген Манжа деген нойон Миллерден орыс үкіметіне хат беріп жібереді. Хатта Қалдан-Сереннің одақтас болуға қарсы еместігін және «қайсақтар», яғни қазақтар қарым-қатынас орнатуға тұрмайтын халық екенін жұқалап жазады. Орыстармен арақатынасын суытып алмауды, олардың алдында ұпай жинауды көздеген Қалдан-Серен амалсыздан атақты тұтқынымен қоштасуға мәжбүр болады.

Туған жеріне оралған Абылай уақытын бос жіберген жоқ. Келе салысымен, әскер жинап, қарақалпақтарға қарсы соғыс ашады. Бұл уақытта Абылай сұлтан еді. Оның әскеріне Ералы

сұлтан да жасағымен келіп қосылады. Шабуылдың жоспарын жасап алып, жорыққа аттанады.

Қарақалпақтар баяғыдан Кіші жүздің оңтүстік-шығыс шекарасына шабуыл жасап, қайта-қайта мазалап, титығына тиіп жүрген. Бұл тонаушылық шапқыншылықты тез арада жою керек. Сарбаздардың шыдамы таусылып, бұларды қайткенде де тоқтатпақ болады. Абылайдың бұрынғы шайқастарда жинаған білімі мен тәжірибесі осы жорықта пайдаға жарады. Әскері де басқаша қаруланған. Жас сарбаз кезіндегі көзсіз батырлығы енді әскербасының салқынқандылығына айналды. Бұл жолғы сапардың оңай болмасын Абылай жақсы білді. Жіберген барлаушылары қарақалпақ әскерінің саны, қару-жарағы, соғысқа дайындығы туралы толық мәлімет алып келеді. Соған қарағанда жаудың күші мен әскери дайындығы басым. Екінші жағынан Абылай бар мәселені бір соғыста шешу міндет емес екенін де түсінді. Түпкі мақсаты басқа еді. Ең бастысы – қарақалпақтардың бассыздық әдеттерін тыйдыру. Бұған қалай жетуге болады?

1746 жылдың қысы еді. Абылайдың атты әскері қалың қарға омбылап, баяу алға жылжыды. Бұл соғыста ұрыстың ерекше әдіс-тәсілін қолдануға тура келеді. Сондықтан Абылай жігіттеріне азық-түлікпен, жылы киімдермен қамдануды алдын ала ескерткен болатын. Жорықтың ұзаққа созылатыны айтпаса да түсінікті. Әрі алда не болары да белгісіз. Сары Торғай жерінде Абылай сарбаздары әдейі тосып тұрған жау әскерінің алдыңғы шебімен кездесті.

Ши мылтықтардың алғашқы атылуынан-ақ біраз жігіт оққа ұшты. Қарақалпақтар бұларды күтіп торуылдап тұрған көрінеді. Абылай жігіттерін артқа шегіндіріп, бетпе-бет ұрыста біраз ұту үшін семсермен, найзамен жақсы шайқасатын сарбаздарын алдыңғы шепке қояды. Ол үшін ара қашық-

тықты жақындату қажет. Алайда омбы қарда аттардың жылдам жүруіне қиындық туды.

Абылай айналаны мұқият шолып қарады. Жақын маңнан көзге түскен өзеннің (өзеннің де аты – Сары Торғай) айналасындағы қар қатыңқы әрі тегіс көрінді. Ол шабуылын дәл сол жерге дайындамақ болып, әскерін тұрғызды. Барлық жүздік және мыңдық әскерлерін жинап алып, алдағы ұрыстың жоспарын түсіндірді. Өзі Құдайдан тілеу тілеп, сыйынып, ордасына беттеді.

Ұлы Далада «Абылай!» ұраны естілмегелі көп болып еді. Сол күні таң ата қазақ сарбаздарының аузынан шыққан ұран Сары Торғай өзенін бойлай жан-жаққа шарықтап жатты. Оны естіген жігіттердің жүректері алып-ұшып, жеңіс қуанышынан дәмеленді. Мылтықтың жаңғырығына, маңайды алып кеткен оқтың түтініне қарамастан, сарбаздар алға ұмтылды. Қарақалпақтар да бекіністерінде тығылып отыра бермей, туларын көтеріп ұрысқа кірді. Ұрыс шиеленісе түсті. Абылайдың жігіттері семсерлерімен бірде алға ұмтылады, бірде кейін шегінеді. Екі жақ тығыз араласып кеткен. Жараларын ауырсынып ыңырсыған дауыстар даланы күңгірентіп жіберді. Сорғалап аққан жылы қаннан қар еріп, қызғылт түске боялған шалшыққа айналды. Екі жақтың да жауынгерлері бірінен соң бірі құлап жатты. Ешқайсысы да жеңілгісі келмейді.

Кеш батып, күн қараңғылана бастады. Адамдар да, аттар да шайқастан әбден шаршады. Тынықпаса болмайды. Жауынгерлер екі жаққа тарады. Ұлы Дала жерінде аздан соң оттар жағылды. Шаршаған сарбаздар маздаған отқа қыздырынып, жараларын таңды.

Ертесіне күн шықпастан әскерлер бір-біріне қарсы қайта көтерілді. Тағы да сатыр-сұтыр, айғай-шу басталды. Қиян-кескі ұрыс басталып кетті. Кешегідей емес, мыңдаған аттардың

тұяқтары мен адамдардың аяқтарынан әбден тапталған қар жүруге қиындық келтірмеді. «Абылай!» ұраны шықырлаған аязды жарып, аспанды күңіrentті.

Соғыс бірнеше күнге созылды. Екі жақта да көп шығынға ұшырады. Жауынгерлер әбден титықтады. Қалқан мен семсер ұстауға дәрмені бар сарбаздар тіпті қалмады. Өр жерде шайқаста мерт болғандардың өлі денелері жатты. Соғыс алаңына құзғындар қаптады. Ақырында қажыған әскерлер кері шегінді. Жолдастарының денесін арбаларға тиіп алып, Абылайдың жігіттері қайғылы керуенмен ат басын қазақ жерінің түкпіріне қарай бұрды. Қарақалпақтар да өз жағына қайтты. Жеңіске ешкім жетпеді. Бірақ осы соғыстан кейін қарақалпақтар шекараны мазалағанды қойды. Ал Абылайдың алдына қойған мақсаты орындалып, көздегеніне жетті.

1745 жылдың қыркүйегінде аяқ астынан Қалдан-Серен қайтыс болып, Жоңғарияны ішкі кикілжің құлдырата бастайды. Қытай осы сәтті дереу пайдаланбақ оймен иесіз елдің жеріне кіріп алады. Шашыраңқы ойрат әскері қытай басқыншыларына ұзақ уақыт тойтарыс бере алмады. Ақыры бір кездегі мықты мемлекет құлайды. Жоңғарияны жою қатаң саясатпен жүргізіледі.

Абылай сұлтан болса кезекті соғысқа дайындала бастайды. Бұл жолы Цин империясына жол тартпақ. Ол қытайлықтардың ойраттармен тоқтамайтынын, енді одан әрі, батысқа көз салатынын түсінді. Сондықтан ендігі әскери әрекеттерінің жоспарын мұқият ойластырмаса болмайды. Өйткені Аспан аясындағы мемлекеттің әскерінен, яғни қытайлықтардан зұлымдық пен қулық асқан емес.

Қытайлықтардан бұрын қимылдаған Абылай баяғыда жоңғарлар тартып алған қазақ жерлерін қайтарып алады. Бұл шұрайлы Тарбағатай, Алтын-Емел және Көксу жерлері еді.





Тәжірибелі қолбасшының қарамағында осы кезде төленгіттердің (төленгіт – хан жасағы, жақсы дайындалған арнайы күзетшілер) тұрақты жасағы болды. Абылай күрделі әскери дайындықтан өткен осы төленгіт жасағын қытай әскері келеді-ау деген жерлерге шоғырландырып, күте бастайды. Пекинде ұрысты кейінге қалдырмауды жөн көріп, әскерін Қазақ жерінің шекарасына жақындатады. Енді соғыс бастауға тек ілік іздеу керек. Мұндай себеп тез табылды. Ол – Цин империясымен соғысты әлі күнге тоқтата қоймаған ойраттардың соңғы басшысы, кінәз Амурсана (Әмірсана).

Өмір – қызық. Дүние біреу, кезек екеу деген осы. Кезінде Абылай ойраттарда тұтқында жатса, енді жоңғар көсемдерінің тұқымы Амурсана әскерінің қалдығымен қашып келіп, сол Абылайдан жәрдем сұрайды. Ойрат князі Абылайға:

– Менің жауымның жауы – менің досым. Бізде осындай сөз бар, ұлы сұлтан. Сені тұтқында ұстаған отандастарымның күнәсі үшін өлтірсең өлтір, оған да келісемін, ал егер маған сенім артсаң, менің жауынгерлерім сенің туыңның астына кіреді. Өзің шеш, – деп мәмілеге шақырады.

Абылай көп ойланбайды. Әрине, қалай болғанда да қауіпті. Ол «Орман өртенсе, қоян мен қасқыр бір інге тығылады» деген халық даналығын есіне түсіреді.

Амурсана – өжет жауынгер. Отанын жат ел тартып алып, кекке булыққан. Жауынан кегін қайтару үшін ол шайтанмен болса да келісімге баруға дайын. Оған қоса енді барар жері, басар тауы жоқ. Кең Даланың да шегі бар. Одан соң не істейді? Сондықтан Абылай сұлтан тұтқында өткен жылдарын еске алмауға тырысып, керісінше, ойрат жауынгеріне қол ұшын бермек болды.

Біраз күннен соң Қытай ойрат кінәзін беруді талап етеді. Абылай бұл өтінішті орындамайды. Осыдан барып Цин империясының әскері майданға шығады. Қытайлықтар саны




жағынан өте көп әрі зеңбіректермен қаруланған. Абылай адам санынан да, қару сапасынан да әлсіздеу. Сондықтан сұлтан ашық шайқасқа шықпай, әр жерден тойтарыс бере шегіне отырып, қытай әскерін өз жеріне тереңірек енгізіп, тұзаққа түсіруді жөн көрді. Расында да қытайлықтар қазақтардың соңынан ілесе берді. Олар алғашқыда қантөгіссіз, оңай жеңіске жететініне сенді. Алайда бұл ойларының орындалмайтынын және қатты алданғандарын алдағы оқиғалар көрсетті.

Сұлтанның соңына түскен қуғыншылар мыңдаған шақырымға созылған елсіз, иесіз қу даламен жүріп отырды. Абылайдың да күткені осы еді. Кішігірім шатқалға жеткенде төленгіттер жасағын шапшаң кері бұрып, қытай әскерінің



# XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жеріне жасалыған шабуылдар



- Қоқан және Хиуа бектерінің Кіші жүз жеріне шабуылы
- Қазақ бектерінің көрші елдерге жасаған шабуылдары
- Қалмақтардың Еділдің төменгі жағалауынан Жоңғар шекарасына қарай қоныс аударуы
- Цинь империясының шабуылы

**Ескертпе:**  
картада өзендер мен су қоймаларының қазіргі атаулары көрсетілген

алдыңғы шебін сол арада күтіп жатты. Мұндай бетбұрысты күтпеген қытайлықтар ойламаған жерден қақпанға топ ете түсті. Алдымен жан-жақтан сұр жебелер қарша борады. Содан соң Абылайдың төленгіттерден құралған жасағы аман қалғандарын найзамен, қылышпен жер жастандырды да, лезде ғайып болды. Сәл артта келе жатқан қытайдың негізгі күші мына суретті көргенде қайран қалды. Отандастарының өлі денесі үйіліп жатыр, маңай тым-тырыс. Көзге көрінбейтін біреу аспаннан түсіп, қытайдың таңдаулы шебін әдейі жоқ қылғандай. Ызаға булыққан қытай әскері қазақтардың ізіне түсейін деп еді, оған түн қараңғыланып кетті.

Аспан аясындағы мемлекет жауынгерлері қуғынды тоқтатуға мәжбүр болып, тынығуды жөн көрді. Алайда демалыс сәті көпке созылмады. Абылайдың барлаушылары дымын білдірмей келіп, күзетшілерін құртты. «Абылай! Абылай!» деп ұрандаған аздаған топ жан-жақтан таң атқанша шабуылдады. Қытайлықтардың есі шықты. Олар келесі шабуылды қай тұстан күтерін білмеді.

Таң ата қытай қолбасшылары қалған әскерімен жорықтарын жалғастырды. Алдыңғы оқиға дәл солай қайтадан қайталанды. Жол бойы олар кездейсоқ соқтығыстарға тап болып отырды. Төленгіттер лезде пайда болып, ұрыс салып, артынан лезде жан-жаққа бытырай қашады. Соларды қуамыз деген қытайлар тағы да қоршауға түседі. Арттан жәрдем келгенде айнала тып-типыл болып, тек төленгіттердің шаңы қалады.

Осылай бірнеше күн, түн өтті. Сау-тамтығы қалмаған қытай әскері араға таланған аю сияқты басын қайда алып қашарын білмеді. Өңірді білмегендік және Абылай жасағының жылдамдығы, алғырлығы қытайлықтарды әбден әлсіретті. Оның үстіне аштық пен ауру жайлады. Цин әскері еш уақытта мұндай шайқасты көрмеген еді.

Моңғолияның батысында көтеріліс бұрқ етпегенде, бұл соғыстың қаншаға созылары белгісіз еді. Пекин көтерілісті басу үшін әскерін дереу кері шақырды. Осы хабарға қуанған Қытай әскері еліне асықты. Олардың отаршылдық әрекеті, қазақ жерін басып алмақшы ойы осылайша жеңіссіз аяқталды. Абылай туған елін сақтап қала отырып, ойраттар тартып алған көне қазақ жерлерін де қайтарды.





## Жау қоршауында

Соңғария құлағаннан соң және қытайлықтарға қатты тойтарыс берілгеннен кейін Ұлы Далада аздаған тыныштық орнады. Дегенмен, Ресеймен, Қоқан хандығымен, қырғыз манаптарымен және қарақалпақтармен арақатынас бұрынғысынша қарама-қайшылықта қалды.

Жаулар көз ілмей, оңтайлы сәтті күтіп жатты. Осы кезде қазақ жеріндегі ішкі жағдай қиындай түскен. Әбілмәмбет хан биліктен біржола қол үзіп, Түркістанға көшті. Өмірінің соңғы жылдары сонда өтті. Абылай сұлтан Орта жүздің барлық ісін мойнына алды. Ұлы Әбілқайыр хан Барақпен қарсылықта қаза тапты. Бірақ Дала соты Барақты ақтап шығады. Бұл өлім қазақ қауымдастығындағы ауыр шиеленістерді білдірді. Қайғылы оқиға Абылайға да әсер етпей қоймады. Ол Әбілқайыр ханның Қарашаш деген сұлу қызына үйленген болатын.

«Бай малын қорғайды, батыр елін сақтайды» дейді халық даналығы. Абылайға Әбілқайыр ханның қазасы ғана емес, туған жерін шаршатқан дала жуандарының (байлар) бітпейтін ұрыс-таластары қатты батты. Елдің бас көтерер адамдары бір-бірімен жанжалдасса, қарапайым халықтың күйі кетіп, жағдайы нашарлайтыны түсінікті ғой. Осындай ұйқы-тұйқы жағдайдың салдары бәрінен де соларға ауыр тиді.

Петербург шұғыл қимылға кірісті. Ғасырлар бойы көшпенділер мекені болған ұлан-ғайыр даланы бойлап, қорғаныс қамалдары мен бекіністер салды. Өзен-көлдердің құнарлы жағалауларына казактарды қоныстандырды. Жайлы қоныстарынан айырылған көшпенділер үйреншікті тәртіптерін бұзып, шұрайлы жер іздеуге мәжбүр болды. Бұл басқа рулар мен тайпалардың меншік жерлерін, шекараларын басып өтуге, бұзуға әкеп соқтырды. Осыдан ұрыс-жанжалдар туды.

Соның нәтижесінде қазақтың өз ішінде қарулы қақтығыстар жиі болып тұрды. Көбінесе, мықты, біртұтас көршілерінен қауіптенген патша үкіметі қазақ жүздері мен руларының арасына әдейі от тастап отырған.

Ресейдің сыртқы елдермен қатынасын граф Никита Панин деген вице-канцлер басқарған. Сол кісі арқылы кейбір аймақтарға губернаторлар сайланды, экспедициялық жасақтар, елшілер немесе патша жарлықтары жіберілді. Әрине, мұның бәрі Ресей империясының пайдасына шешілді. Петербург сарайы алыс далаға бекіністер салумен қатар болашаққа жоспар құрып отырды. Сыртқы жаулардың қысымының күшеюіне және Абылайдың әр жылдарда әскери жорықтарға шығуына мәжбүр болуына байланысты Ресей бодандығының Дала үшін де пайдасы болды.

Осылайша, екі жылға жуық уақыт бойы (1758 жылдан 1760 жылға дейін) Абылай сұлтан Цин әскерімен шайқасты. Ол қайтарып алған шекаралық жерлерге байланысты қытай қысымы тоқтатылмады. Аспан аясындағы мемлекеттің императоры қазақтың Алтын-Емел, Тарбағатай, Көксу сияқты тамаша тарихи жерлерін қолдарынан шығарып алғанына іші күйді.

Абылай кейін де қытай әскерлерімен қақтығыстарда сыннан өткен үйреншікті әдістерін қолданды. Бұл оған үнемі табыс әкелетін. Ол ашық соғыс жасамай, жау әскерін алдап, жерінің түбіне қарай кіргізіп, дүркін-дүркін, тиіп-қашып жүріп шабуылдаған. Қытайдың керемет әскері Абылайдың жылжымалы қарулы атты жасағына ілесе алмай, көп шығынмен кері оралып отырған. Абылай өз өмірінің соңына дейін осы қытаймен шекаралас жерлерде қарсыластарымен соғысудың әдіс-тәсілдерін терең үйреніп, әбден жаттыққан қарулы жасағын ұстаған.

Қытаймен қоса Абылайға Қоқан хандығымен және Ташкентпен жауласуға тура келді. Әдетте арадағы барлық

дау-жанжалдар келіссөз арқылы шешілетін. Алайда, 1767 жылы жағдай шиеленісіп, Абылай Ташкентке жорыққа аттанды. Негізінен, сұлтан өзбек хандарымен үш рет соғысып, үшеуінде де Ташкентті алған. Бұл жолы оған қарсы әмірші Ердене би көтеріліске шықты.

Абылай сұлтан әскерін бастап, асықпай ортаазиялық жер иеліктеріне бет алады. Ол Ердене бидің Ташкентте жасырынып, қоршау жасап алғанын естіген. Бұл қаланы жақсы біліп алған сұлтан оның барлық бекіністерінің орны туралы да хабардар еді.





Қаланың негізгі қақпасына жақындағанда Абылай ең соңғы рет өзбектерге соғыссыз берілсін деген талаппен жаушыларын жібереді. Ердене би оған келіскісі келмейді. Сонда сұлтанның әскері қаланы қоршап алып, барлық қақпасын бір мезгілде басып алады. «Абылайлаған» атты әскер аз ғана уақыттың ішінде қаланы өзіне қаратады. Өзбек жауынгерлері қарсыласа да алмай қалады. Пайдасыз қантөгіс тоқтатылады.

Абылай сұлтан бір кездерде айырылып қалған қазақ жерлерін қайтара бастайды. Ұлы жүз көсемдері қырғыздармен



шекара маңындағы аймақтар үшін талай уақыт дауласып жүретін. Осы дауды тоқтатпақ болған Абылай 1765 жылдың қазан айында Әбілмәмбет ханның баласы Әбілфайыз сұлтанмен бірге қырғыз манаптарына қарсы жорықты бастайды. Әрине, әскер басында Абылайдың өзі еді. Бұл кездерде үлкен әскери жорықтарды ұйымдастырып, өткізу тәжірибесі жағынан оған тең келер жан болмаған және оның сарбаздары ең таңдаулы жауынгерлер деп саналған.

Қырғыздарға жасалған жорық ұзаққа созылмады. Абылайдың құдіреттілігіне жақсы қанық қырғыздар ашық шайқасқа шығуға батпады. Көптеген қырғыз көсемдері соғыссыз берілуге асықты. Ал ең беделді әскербасшының бірі Қарабұта би өзінің бас игенінің белгісі ретінде ұлын Абылайға аманатқа жібереді. Сөйтіп елде біршама тыныштық орнағандай болады. Бірқатар даулы аймақ Абылайдың ұлы Әділ басқарған Ұлы жүзге беріледі. Дегенмен, осы оқиғадан кейін төрт жылдан соң қырғыздарды біржола тыныштандыру үшін Абылай жауынгерлерінің тағы да қолдарына қару алуына тура келеді.

Соғыс Шу өзені маңындағы алаңқайда өтеді. Бұл жолы әжептәуір дайындықпен келген қырғыздар батыл шайқасады. Әскер құрамының көпшілігі солту мен бағыш руларынан шыққан сарбаздар еді және көп шығынға ұшыраған да солар болды. Осы соғыстан кейін бағыш руынан екі-ақ ауыл қалады.

Абылайдың қолбасшылық дарыны қазақ әскерін көп шығыннан сақтады. Шешуші сәтте жол таба білуге көмектесті. Кейініректе «Жайыл қырғыны» аталған бұл соғыс қазақтардың толық жеңісімен аяқталды. Ыстықкөл маңындағы тайпалар Абылайға бағынышты болып, оның әскері Іледен Тоқмаққа дейін кедергісіз өтті. Көптеген адамдарын тұтқындап, кейін оларды Көкшетау жеріне орналастырды. Ал бір бөлігін Орталық Қазақстанда қалдырды.





Алдыңғыларды да, кейінгілерді де «бай қырғыз», «жаңа қырғыз» деп атап кетеді. Олардың ұрпақтары осы күні де сол жерлерде тұрып жатыр.

Абылайдың атағы мен даңқы Ұлы Далада ерекше құрметпен айтылды. Қазақ халқының тағдыры мен бүкіл Орталық Азия үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол өзінің білгір мәмілегер әрі жеңілуді білмейтін жауынгер екенін көрсетті. Үш жүздің басын қосу, талан-таражға түскен жерлерді қайтарып алу жолындағы ұстанған бағыты жұртшылықтың көңілінен қолдау тапты.

Қырық жылға жуық ел басқарған Әбілмәмбет хан қартайып, қайтыс болады. 1771 жылдың күзінде өткен құрылтай жиналысында Абылай бас хан болып сайланды. XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның тұсында үш жүздің көрнекті сұлтандарының бірін бас хан етіп сайлау дәстүрі сақталған. Бірақ Тәуке ханнан кейін мұндай деңгейге көтерілуге Әбілқайырдың, Семекенің, Күшік пен Әбілмәмбеттің, Нұралының да қолы жетпеген. «Жеті жарғы» мен Шыңғыс ханның Яссысындағы барлық баптарды ескере отырып, тек Абылай ғана бас хан болып тағайындалған.

Бұл күз мезгіліндегі малдың семіріп, ел қыстауға көшуге дайындалып жатқан уақыты болатын. Елдегі барлық белгілі, беделді және қадірлі адамдар жиналып, Абылай сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Той бірнеше күнге ұласады. Күбі-күбі қымыз өзен боп ағып, қазан-қазан ет асылып жатады. Жиналғандар Абылай ханның ерлігін жырлап, осындай адамды берген Тәңірге алғыстарын жаудырады. Әрине, Абылай халықтың шексіз құрметін, ризашылығын алуға тұрарлық еңбек сіңірген. Бұрын-соңды дәл мұндай құрметке бөленген ешкім жоқ.

Абылай сұлтан хан болып сайланған соң, көрші елдердің, әсіресе, Ресей мен Қытайдың Қазақстанға көзқарасы өзгерді.

Абылайдың алдында зор міндеттер тұр. Ол Әбілқайырдың орындай алмай кеткен істерін жалғастыруы керек.

Сабалақ атанып, дала кезген күндерінде Абылай аталарының жасап кеткен ерлігін ойлап армандайтын. Енді хан болған соң өзін-өзі сынауға тағдырдың оған мүмкіндік беріп тұрғанын бар санасымен сезінді. Тарихқа кім боп кіресің, ұрпақтардың жадында кім боп қаласың? Сені ел ризашылықпен есіне алама, әлде жеті атаңа дейін қарғай ма?

Әрбір адам қателесуі мүмкін, бірақ халық өз тағдырын сеніп тапсырған басшыға қателесуге бола ма? Егер адамдар өз кінәсі үшін құн төлер болса, ханның қателігі қымбатқа түспес пе еді. Осының бәрін сараптап санасынан өткізген Абылай халқы үшін, мойнына жүктелген осы маңызды да жауапты іс үшін жаны күйзеліп, жүрегі ауырды.

Осы оқиғадан кейін Петербург сарайы өзінше жоспар құрды. Патшаға үш жүздің басы бір ортаға біріккені ұнамады. Мұндай біртұтас ел – ыңғайлы көрші емес. Дала салтының көпшілігін, оның ішінде хандықты құрту не оны өз пайдасына айналдыру көзделді. Сондықтан орыс саясаткерлері бұл шешімнің дұрыс еместігін барынша дәлелдеуге тырысты.

Абылайды бір ғана Орта жүздің ханы ретінде қабылдаған Ресей патшайымы оған хандық үкіметтің белгісін тапсырды. Мұның сыртындағы Петербургтің ішкі ойы – оның билігін шектеу екенін түсінген Абылай хан бұл белгілерді алудан бас тартты. Панин деген граф және оның басқармасы, Орынбор губернаторы И. Рейнсдорп, генерал-майор Огарев сияқты басқа да патша шенеуніктері Абылайдың халқының алдындағы абыройын түсінбеді әрі түсінгілері де келмеді. Оны төмендетуге, беделіне қайткенде күйе жағуға тырысып, небір қулыққа барды. Панин өзінің хаттарында жұмсақ тілмен Абылайға айтқан тілді алып, Орта жүзге жүргізетін билігін заң жүзінде бекітіп алуын өтінді. Ол үшін Орынборға немесе басқа да бір

қалаға барып, билік белгісін алуы тиіс еді. Абылай бұған мән берген жоқ. Ол Дала Құрылтайының шешімі жеткілікті деп ойлады. Патша шенеуніктерінің дипломатиялық ойынын қабылдағанымен, Абылай билік белгісін алуға бармады. Тіпті Ресей үкіметінің «ақылға келуге» шақырған үндеулеріне құлақ та аспады.

1755 жылы цин әскерінен қатты қысым көрген хан патшаның Сыртқы істер алқасына көмек сұрап барған болатын. Бірақ олар Абылайға теріс қараған. Бұл оқиға ханның есінен әлі кете қойған жоқ еді. Оның үстіне Ресей бодандығына өткелі патшаның сыртқы саясат басқармасы ішкі кикілжіңдерді қоштау бағытын ұстанған. Олар қазақ руларының бірігуін емес,



бытырауын, тыныштық пен бейбітшілікті емес, ішкі дау-жанжал мен қақтығысты қолдады. Қажет болған жағдайда Ресей үкіметі ішкі істерге де араласа алатын да болды. Сыртқы жаулармен: ойрат, қарақалпақ, қырғыз, қытайлармен және басқа басқыншылармен қантөгіс кезінде Абылай ханға тек өзінің сарбаздарымен бірге иық тіресіп соғысуға тура келді. Ресей үкіметі көмек көрсеткеннің орнына көп жағдайда шет қалды. Тек өздеріне пайдасы бар бірен-саран істерге ғана араласты. Сол себепті Абылай хан Петербург сарайына сеніңкіремей, қазақ мемлекетінің даму мүмкіндігіне сүйеніп, өз бағытын бекітуді ойлады. Бұл күрестегі ең негізгі күш – халықтың ынтымағы. Біртұтас халық мызғымайды. Мұндай қағидалар от пен су кешкен Абылайға ғана белгілі.

Ресей сияқты құдіретті көршісінің ой-жоспары Абылайға қанық еді. Міне, осындай себептерге байланысты ол Петербургке онша ұмтылмады. Ал екінші жағынан одан аспаса, кем түспейтін Қытай көршісі барын да білді.

Панинге тыңшылары қазақ ханының Пекин сарайымен арақатынасының жақсы екені туралы жеткізеді. Шынында да Қытайдың жоғары шенді адамдары Абылай ханға жиі қонаққа келіп тұратын. Олар ханның өздерімен қытайша сөйлесетініне қайран қалып, риза болатын. Абылайдың Қытайға жақындығы патшаға жақпады әрі бұл байланыс қауіп төндіруі де мүмкін еді. Бірақ керек жерінде «қатаң мінез көрсете алатын», өз саясатын ұстанып отырған «асау» ханға үкімет ешнәрсе істей алмайды.

Бұрын Әбілқайырдың тұсында Орынбор әкімшілігі хандарды екі-үш жыл сайын Петербургке жіберіп отырған. Хан ұрпағы мен оның айналасындағылар сол адамдардың құрамына кіруге тырысатын. Оларды патша сыйлығын алу немесе өздерінің адалдығын, берілгендігін көрсету мүмкіндігі қызықтырған.





Енді ондай сапарлар азайды. Абылай өзінің орнына Петербургке ұлын – Тоғым сұлтанды жіберді. Негізгі мақсаты – Абылайдың барлық қазақ жүздеріне ортақ хан болып тағайындалғандығы туралы Петербургті хабардар ету.

Данышпан хан өзінің үш жүзді билеуге сайланғанын білдіре отырып, енді заңды түрде бекітілуді көздеді. Алайда Петербург оны бүкіл қазаққа хан етіп жариялауға құлық танытпады. Тоғым сұлтан бастаған топ та бұл мақсатқа қол жеткізе алмады. Еуропалық дәстүрмен ұйымдастырылған сән-салтанат, ерекше безендірілген сарай даладан барған өкілдерге ыңғайсыздық туғызды. Тіпті орыс тілі оларға түсініксіз әрі қиын тиді. Ақырында, патша әулеті Абылай ханды Орта жүздің билеушісі ретінде танытатын қағаз беріп, қазақ сұлтандарын риза етіп, кері қайтарады.

Осы кезде Ұлы Далада көптен күткен бейбітшілік орнаған. Болаттай берік тіректі сезген шыңғыстықтар тынышталып, Абылайдың қол астына кіруге асықты. Жауынгер көршілері Абылайдың аты аталғаннан-ақ аттарының басын кері бұрып, біреудікіне көз алартпай, өздерінікін қанағат етті. Тіпті казак қоныстарын салу, бекіністер тұрғызу бұрынғыдан азайды. Кейбір жерлерде мүлдем тоқтатылды. Патша әкімшілігі енді тұрғылықты халықпен есептесіп, әрбір қимыл-әрекеттеріне, яғни бос жатқан жерлерді игеруге елмен келісіп барып кіріскен.

Абылайды өздеріне бағындыра алмаған И. Рейнсдорп үйреншікті көне тәсілге көшеді. Беделді сұлтандардың арасына іріткі салуды ойлайды. Ханның қарамағындағы адамдарын өзіне қарсы қоймақ болады. Абылайдың жақын серігі әрі замандасы Әбілфайызды хан сайлануға өтініш жаз деп үгіттейді. Алайда патша шенеуніктері тағы қателеседі. Әбілфайыз олардың азғыруына көнбей, өз еркімен хандықтан бас тартады. Заң тұрғысынан қарағанда да ол билікке түсе алмайтын еді.



Бұдан кейінгі жағдай бір қалыпқа түсіп, дала өмірі талас-тартыссыз өтіп жатты. Шындығына келгенде Петербург, оның өкілдері қазақтарға өз ықпалын тигізе алмады. Дала өз заңына ғана бағынды. Өз дәстүрін бұзбады. Осы жағдайдың шын бейнесін М. А. Терентьев деген генерал-лейтенант өз жазбаларында дәл көрсеткен: «Негізінде, қазақтардың бодандығын адам түсініп болмайды: ешқандай алым-салық төлемейді, борыштарын өтемейді, ал біздің үкімет қазақтардың билеушісі, қожасы деген ат алу үшін сонша жағымпазданады, олардың хандарын алдап-сулап бодандыққа кіргізіп, сый-сыяпаттармен ұстайды».

Осы аралықта Орталық Азияның салмағы артты. Бұхар Эмираты, Хиуа хандығы сияқты мұсылман елдері Абылаймен жақындасуға тырысты. Соған қарамастан қазақ қауымының тағдырында Қытай мемлекеті тұрақты орын алды. Петербургтің хандық биліктің аумағын тарылтпақ әрекеті Абылайды Цин сарайымен қатынасты жақсартуға итерді. Шекараның жақындығы, ертеден келе жатқан арадағы саудагерлік, елшілік байланыстар, сондай-ақ басқа күн туса, көмек сұрар мықты серіктің, тіректің қажеттігі қосылып келіп, қай жағынан алса да Пекиннің тиімді одақтас бола алатынына Абылайдың көзін жеткізді. Болашақта Қытаймен арақатынасты нығайта түсіп, ал Ресеймен келісімде өмір сүру керек деп ойлады ол. Ал Абылайдың Қытай сарайына жасаған әрбір қадамы Петербургтің ашуын қоздырды.

Абылайдың Пекинмен байланысының төркінін ертеректен іздеу қажет. XVIII ғасырдың 50-жылдарында Абылай хан Қытай қарамағына кірген. Сөйтіп ол екі мемлекетке бірдей бодан болған. Тіпті кейде бір рулардың жайлауы Ресей аймағында жатса, қыстауы Қытай шекарасы маңында орналасқан жайлар да кездесетін. Сондықтан да ол астыртын


тосын әрекеттерге барды. Екі мемлекетпен арақатынасты бірдей ұстауының сыры осының салдарынан туған.



Абылай үшін аса маңызды іс елінің мүддесін қорғау болды. Ол халқының өз туған жерінің қожасы, өз тағдырының иесі болып қалуын көкседі.

Осылайша, қантөгіссіз-ақ Абылай хан Ресейдің Алтайдағы меншігіне, Қытайдың Шыңжаңға деген мақсат-мүддесіне ниеттестігін білдіріп, күдіктерін тарқатты. Мәселенің өзегі – ұлттық мүддені сақтау мен халықты біріктіру. Абылай үшін ең бастысы – халқының тату әрі бейбіт өмір сүруі.



*XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының жоңғарларға қарсы жүргізген күресі*



-  Жоңғар бектерінің шабуылы
-  Қазақтардың жоңғарларға қарсы шабуылы
-  Ашаршылық жылдарындағы қазақтар мен қарақалпақтардың аууы
-  **ОРДАБАСЫ** Үш жүздің өкілдері бас қосып, құрылтай өткізген жер
-  **1718 ж.** Шабуылдың өткен жері мен уақыты

**Ескертпе:**  
картада өзгендер мен су қоймаларының қазіргі атаулары көрсетілген



## Соңғы соғыс

Абылайдың жазда отыратын орны өз Отанында, Көкшетаудың маңында орналасқан. Әулие Қожа Ахмет Иасауидің рухына жақын болуды көксеген ол соңғы жылдарын Түркістанда өткізеді. Екінші жағынан, ханның келуіне орай Түркістанның мәртебесі биіктеп, Жібек жолының бойында орналасқан сауда орталығы ретінде қайта өркендей бастады. Бұл жолмен жүріп жатқан көпестер керуені Қазақстанның оңтүстік қақпасына жеткенде көбіне Түркістанға келіп тоқтайтын.

Осы кездері 250 мыңға жуық еділ қалмақтары Шығыс Түркістанға жол тартты. Оларға қарсы Нұралы хан мен көрнекті әскербасы Айшуақ кезектесіп қарсылық көрсетті. Соғыс Сағыз өзенінің маңында, одан кейінірек Мұғаджар тауларында өтті. Көп шығынға ұшырағанына қарамастан қалмақтар Орта жүздің жеріне жетті. Одан әрі де соғыса отырып алға жылжыды. Ал Абылай өз әскерімен жауды Алакөлдің маңында күтті. Соғыс болатын жерге шамамен 80 мың жауынгер жан-жақтан жиналды. 50 мыңға жуық қырғыздар да жетіп, Абылайдың туының астына кірді.

Қалмақ әскерінің құрамында күшпен соғысқа жіберілген түркімендер болды. Әскерді Ұбаши, Бамбор, Шерен және Асарха деген атақты қалмақ көсемдері басқарды. Абылай хан бұл соғыстың оңай болмайтынын түсінді. Қалмақтар өз күшіне сенбесе, біреудің жеріне мұрын тықпас еді. Кіммен соғысқа бара жатқанын сезген олар Абылайдың барлық ұрыстарын алдын ала зерттеп, оның тактикасы мен тәжірибесіне күні бұрын қанық болып алған.

Соғыс болатын күн де жетті. Алакөлге жақын жерде екі жақ бір-біріне қарама-қарсы орналасты. Кешқұрым Абылай









өз адамдарын аралап шықты. Оттың қасында жауынгерлерімен әңгімелесіп, оларды жігерлендіріп қойды. Әңгімелесе отырып жігіттерінің жалпы дайындығын, әскери рух-жігерін, қару-жарақтарының жарамдылығын көзбен шолып өтті. Абылай торғауыттарды бұрыннан жақсы білетіндіктен, олар күтпеген әрекет жасай қоймас деп ойлады. Осы кезде елден шеткерірек семсерін жанып отырған балаң жігітке көзі түсіп кетіп ойы бөлінді. Абылай асықпай келіп, әлгі баланың қасына жайғасты. Оттың жарығы бұдан алыстау еді. Жас жауынгер оны танымады.

– Қалай, ертеңгі күнді ойлап отырсың ба? – деді Абылай жай дауыспен.

– Аздап толқып отырмын, – деп жігіт ұяла жауап берді. Ол ханды әлі де танымады.

– Неге толқисың. Өлімнен қорқасың ба? – деп сұрады Абылай хан.

– Жо-оқ, – деді жігіт жігерлі дауыспен, – өлімнен қорқуға болмайды. Мен ойдағыдай соғыса алмай, сенімді ақтай алмай қаламын ба деп қорқамын. Өйткені ауылдағы ел-жұртым жолымды тілеп, атамның өзі батасын беріп аттандырған. Міне, мына семсерді атам сыйлады. Білесің бе, бұл семсер талай соғысты көрген.

Осыны айтты да жігіт семсерін Абылайға ұсынды. Хан оны ештеп алып, жүзін қолымен сипады да:

– Иә, – деді күрсіне, – бұл қару – ел қорғаны. Жақсы екен. Атамдікі дейсің бе?

– Иә, – деп мақтанышпен жауап берді жас жауынгер. – Ал, өлімнен қорқуға болмайды.

– Неге олай ойлайсың? – деп таңданды Абылай.

– Ол менің есіміме байланысты.

– Сонда сенің есімің кім?

– Менің есімім – Абылай. Атам солай атаған. Осындай аты

бар жігітке қорқуға бола ма? – деді де басын көтеріп Абылайға қарады.

Екеуі сәл үнсіз тұрып қалды. Алаулаған от сытыр-сытыр жанып жатыр.

– Ал сіз ше, аға? – деді кенет жігіт. – Сіз өлімнен қорықпайсыз ба?

Абылай күлімсіреп:

– Жоқ, енді қорықпаймын, – деді де, орнынан тұрып, жас жігітті арқасынан қақты. Оның жүзін есте сақтағысы келгендей, бетіне ұзақ та тесіле қарады. Кетіп бара жатып:

– Ертең өлуді ойлама. Атаңа не деп айтамыз? – деді де жайына кетті.

Таң ата еш дайындықсыз, барлаусыз қырғын соғыс басталып та кетті. Артқа шегінуге кеш қалғанын түсінген қалмақтар арпалыса соғысты. Қазақтар да туған жері үшін жанын аямады. Адам қаны суша ақты.

Екі жақ та ерекше тәсілдерін қолданбай, бір-біріне ашық соғыс жариялады. Үсті-үстіне шабуыл жасап, жараланған жауынгерлер ондап-жүздеп құлап жатты. Олардың орнын кейінгілер басты. Жараларын таңып, сәл тынығу үшін аздап үзіліс жасағаны болмаса, соғыс қатарынан үш күнге созылды. Осындай қан майданға түркімендер шыдамады. Алғашқы болып бас тарта бастап еді, оларды Ұбаши зорлықпен соғысқа қайта қуды. Сонда да қарсылық білдірген түркімендер бытырап басы ауған жаққа қашты.

Шамалы уақыт өткен соң, 1771 жылдың қаңтарында Абылай қалмақтардың қолына түскен капитан Дудинді босатып алады. Дудин – кезінде қалмақтарды басуға жіберген орыс офицері. Содан кейін бұл офицерді көрген адам жоқ, өлді деп санаған. Сөйткен капитан аман-есен екен.

Үшінші күн дегенде қалмақ көсемдері мәслихатшыларын келіссөз жүргізуге жібереді. Абылай хан олармен сөйлеспейді,

қайта шабуылды күшейтуді бұйырады. Торғауыттар болса шегіншектей бастайды. Қазақтар бытырай қашқан жауды тықсырып, бөлек-бөлек күйінде құртуға тырысады. Қалмақтардың қашып құтылғандары жан-жаққа шашырап кетеді.

Бұл оқиға мұнымен аяқтала қойған жоқ. Торғауыт әскерінің қалдығы қайтадан бас қосып, Балқаш жағасында тағы ұрыс салады. Абылай болса әскерін екіге бөледі де, жау артқа шегіне алмайтындай қылып, оларды артынан орап алады. Осы кезде Ұлы жүздің сарбаздарын бастаған Әбілфайыз сұлтан да жетеді. Қырғын соғыс қайта басталып, бұл жолы да қазақтардың жеңісімен аяқталады. Жан-жақтан қоршауда қалғанын сезген қалмақтар өздеріне өлімнің жақындағанын біледі. Жарасы жанына батып өлермен болған жануар сияқты олар да қарсыластарының басым күшіне қарамастан соңғы демі қалғанша алысады. Соңғы күшін жинап қарсыласқан торғауыттардың кейбіреуі ақырында жол тауып, қоршаудан шығады. Ұбаши да аздаған адамдарымен қашып кетеді. Абылай қуғын салады. Қуғын қытай шекарасына дейін созылады. Абылайдың бұйрығы бойынша олар торғауыттарға тиіспей, тек еріп отырады. Ал қашқындар біраз уақыттан соң аштыққа ұшырайды. Тағы біраз уақыт өткенде бір-біріне пышақ ала жүгіреді. Қуғыншылар жеткен мезгілде сөнген оттың маңайында адам сүйектерінің шашылып жатқанын ғана көреді...

Жеті ай бойы қанды қасірет пен әуре-сарсаңға түскен қалмақ әскерінің қалдығы Ілемен жоғары жүріп отырады. Қытайға жетіп, бастарына пана сұрайды. Оларды қабылдаған қытайлықтар бір-бірімен қатыстырмас үшін бөлек-бөлек қоныстандырады. Еділ қалмақтарымен болған бұл қантөгіс Абылай ханның соңғы ірі соғыстарының бірі еді. Осыдан кейін Дала Абылайдың жеңілмейтін рухына нық сенді.





Орталық Азияда әскери, саяси даярлығы жағынан ең мықты ел ретінде нығайған Қазақ мемлекетінің мәртебесі биіктей түсті. Жауы сыртынан сескенетін болды. Маңындағы ірілі-ұсақты көрші мемлекеттер онымен санасатын халге жетті.

Абылай дүниенің өткінші екенін білген. Сондықтан өз балаларын жасынан қасына ертіп, жорықтарда әскери өнерге баулыған. Абылай құр сөзден гөрі қимылды тәуір көрген. «Әке көрген оқ жонар» демекші, Абылайдың ұлдары аты аңызға айналған әкелерін өнеге тұтып, тәлім-тәрбие алып өскен. Әсіресе, кейін танымал болған ұлдары Әділ, Уәли, Қасымды әкелері ерекше жақын тұтқан. Дала тарихындағы көрнекті тұлға Кенесары хан Қасымұлы – оның немересі.

Абылай хан он жыл билік жүргізді. Осы мерзім ішінде ешкімнің қолынан келе бермейтін істерді атқарды. Ол билік жүргізген он жылдың Дала тарихына Абылай дәуірі боп кіруі тегін емес. Сол уақытты қазақ халқы зор құрметпен еске алады.

Ташкент жорығынан қайтып келе жатып, Абылай хан науқастанып қалады. Әскерін тоқтатып, сол жерге қорған тұрғызуды бұйырады. Кейін ол «Хан қорғаны» аталып кетті. Тек уақыт өте қабырғалары аздап тозғаны болмаса, көп жылдар бойы қорған негізгі қалпын сақтаған. Тіпті жаулар да оны құлата алмаған.

Ажалдың суық қолын сезген Абылай хан ордасына үш жүздің ішіндегі үзеңгілес серіктерін шақыртады. Жиналған сұлтандар, сарбаздар, ақсақалдар қауымын байыппен шолып өтіп, сөзін бастайды. Әр сөзі әдеттегідей салмақты, ойлы және өрелі. Оның аузынан шыққан мірдің оғындай әрбір сөз бар жүрекке жол тапты. Жиналған адамдар оны ұзақ уақыт есте сақтады.

Абылай балаларының ішінде Уәлиге үлкен сенім артқан. Сондықтан алдымен, өзінен кейін хан орнына ең жақсы





көретін ұлы Уәлиді қоюды тапсырды. Екіншіден, Даланың біртұтастығын сақтауды өсиет етті. Өз өмірін халқын біріктіруге арнаған ол достары мен замандастарына осыны өсиет етті.

Абылай хан 70 жасында өмірден қайтты. Ханды жерлеу рәсімі Түркістанда өтті. Әміршісін ақырғы сапарға аттандыруға Даланың түкпір-түкпірінен мыңдаған адамдар шұбырып келіп жатты. Ауыр қайғы бай демей, кедей демей баршаның жанын күйзелтті. Сұлтанын да, қарабайыр малшысын да бір ортаға біріктірді. Тарихи ұлы тұлғаның денесін Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойды.

Қазақ хандығының елшілері арқылы Самарқаннан арнайы Сақып-Қыран, яғни ұлы қолбасшы Темір заманынан бері сақталған керемет көгілдір мәрмәр тас алдырып Абылайдың басына орнатады.

Бұл мәрмәрді үш жүз сәйгүлікке айырбастаған...

Содан бері талай заман артта қалды. Қазақстан небір өзгерістерге ұшырады. Абылай ханнан кейін де көптеген саяси қайраткерлер ел басқару ісін жалғастырып, бірін-бірі алмастырып жатты. Кейбіреулері ұмыт болса, кейбір Абылай тұрғыластары халықтың жадына мәңгілік сақталды. Дала өмірі осындай дара тұлғалардың есімінсіз тарих болмас еді. Олар – еліміздің көпғасырлық шежіресінен жарқырап көрінген біртуар азаматтар. Халық Абылай сынды ұлдарын пір тұтып, ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Бұл – Ұлы Даланың мызғымас заңы, дәстүрі.



# Мазмұны

Үш жүзге ортақ хан .....	3
Жошы ұрпағы .....	7
Жекпе-жек .....	14
Соғыс жылдарында .....	19
Аян .....	26
Жау қоршауында .....	62
Соңғы соғыс .....	79

# *Құрметті оқырмандар!*

*«Шығыстың ұлылары» деген топтамаға енген кітаптар оқырмандарды тарихымызбен, ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Ірі оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың өмір жолын суреттеп, олардың жасаған істері, ерліктері туралы дерек береді. Сонымен қатар туған жерге, халқының тарихына сүйіспеншілігін оятып, мақтаныш сезімдерін арттырады. Келешек жеткіншектерді ұлы ата-бабалардың асыл мұраларымен таныстырады.*

**Баспа жобасының жетекшілері және кітапты шығаруға жауаптылар**  
Қ. Раимбеков, Б. Иманәлиев

**Авторы**  
Ж. Қасымбаев

**Кеңесшісі**  
Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, ҚР ҰҒА-ның академигі,  
тарих ғылымының докторы, профессор Б. Көмеков

**Әдеби өңдеуші**  
Е. Тұрсынов

**Аударған**  
Н. Сламбекова

**Суретшісі**  
А. Дүзелханов

**Бас редакторы**  
Қ. Байғабылова

**Көркемдеуші редакторы**  
Е. Козлова

**Редакторы**  
Ғ. Момынәлиева

**Корректоры**  
Д. Мамырбаева

Қазақстан, 050000, Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-кеңсе  
Тел./факс (327) 2 72 84 11, 2 72 84 21. E-mail: aruna\_ltd@mail.ru

Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда бөліміне  
хабарласу қажет. Тел./факс (327) 2 72 84 11, 2 72 84 21  
E-mail: aruna\_ltd@mail.ru

Таралымы 8 000 дана. Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Офсетті қағаз. Қаріп түрі “DS SchoolBook”  
Шартты баспа табағы 11,5. Есептік баспа табағы 17.

«IntellService» баспаханасында басылған

**Дизайні және қалыптауы**  
«БАУР» баспасы

**Баспаханаға дайындаған**  
М. Моминов